Крепить и умножать завоевания Независимости!
Н. НАЗАРБАЕВ.

Огни Алатау

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газет / Алматинская областная общественно-политическая газета / Almaty regional socially – the political newspaper

№32 (17545) Вторник, 19 марта 2019 года / Издается с 8 марта 1918 года / www.ognialatau.kz

Цитата номера

«Большой потенциал для развития предпринимательства дает расширение государственно-частного партнерства. Речь идет о передаче ряда госуслуг бизнесу.

Для привлечения частного капитала нужно использовать все возможные виды и формы ГЧП: доверительное управление госимуществом, сервисные контракты и другие. При этом следует максимально упростить и ускорить все процедуры согласования, особенно в отношении небольших проектов».

Нурсултан НАЗАРБАЕВ, Президент РК.
(Из Послания народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность»).

РАБОЧИЕ ПОЕЗДКИ

Строить быстро, но качественно

В рамках рабочей поездки акима области Амандыка Баталова в Карасайский район его внимание было привлечено к двум строящимся физкультурно-оздоровительным комплексам, расположенным на территории Райымбекского и Шамалганского сельских округов. В поездке его сопровождали аким района Жандарбек Далабаев и руководители ряда областных, районных служб.

Танзиля МУХТАРОВА, Карасайский район.


Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА

Заметим, что оба объекта возводятся в рамках государственно-частного партнерства. На территории Райымбекского сельского округа строительство ФОКа идет на верхней трассе Алматы-Жандосово, близ мемориального комплекса «Батыр бабаларға тағзым». Здесь только-только идет закладка фундамента. Строительные работы начались 19 января текущего года, а сдача объекта запланирована на осень.

Площадь земельного участка составляет здесь 1,69 га, застройки – 3660 кв. метров. Вместе с тем предусмотрено покрытие и озеленение территории. Автором данного проекта является ТОО «Нұр Құрылыс-80», а генеральным подрядчиком – ТОО «СК Элитстрой Проект».

Ознакомившись с графиками движения рабочей силы и строительно-монтажных работ, Амандык Габбасович порекомендовал добавить людей, чтобы успеть в срок.

Строительство ФОКа в селе Шамалган плавно переходит в стадию завершения. Хотя работы еще немало. О том, что сделано, докладывал акиму области руководитель проекта, представитель компании-подрядчика – ТОО «BI Urban construction» Ерлан Каздыкпаев.

Площадь земельного участка составляет здесь шесть гектаров, здания – 7300 кв. метров. Состоит оно из шести блоков. Согласно проекту, автором которого является ТОО «Урбостиль», в комплексе предусмотрены универсальные залы для игр в волейбол, баскетбол, гандбол и мини-футбол с трибунами на 300 мест, залы восточных единоборств, бокса, борьбы, а также тренажерный зал и плавательный бассейн.

Амандык Габбасович побывал в зале для игровых видов спорта, где проводятся отделочные работы и решается вопрос с покраской потолка, а также в других залах. Ознакомился он и с ходом работ в плавательном бассейне, который в целях его проверки на гидроизоляцию и герметичность наполнен водой.

Свои рекомендации дал он и по благоустройству территории стадиона, отделке трибун, по подбору спортинвентаря, подчеркнув при этом, что все должно быть смонтировано и опробовано.

Отмечалось, что этот спортивно-оздоровительный комплекс уникален как по объему, так и по функциональности. Строителям было рекомендовано по возможности увеличить численность рабочих, строить более ускоренными темпами и в то же время качественно. На местные власти и дорожные службы возлагается ответственность за благоустройство и озеленение прилегающей к комплексу территории. Кроме того, предстоит продумать название нового спорткомплекса.

ЗНАЙ НАШИХ!

Тройное «золото» жетысуских атлетов

Представители спортивной общественности Жетысу из городов Талдыкорган, Текели и Уштобе глубокой ночью с воскресенья на понедельник встречали в международном аэропорту в Алматы московский рейс. Из Америки с чемпионата мира по тяжелой атлетике среди юношей, прошедшего в туркомплексе «Ризотто» в городе Лас-Вегасе, возвратилась с победой юношеская сборная (трое спортсменов - из Жетысу, двое - из Кызылординской области), завоевавшая на Американском континенте 5 золотых медалей.

Всем нашим юниорам – по 17 лет. Среди победителей представлен полный интернационал: чеченец, казах, русская.

Сайхан Тайсуев (67 килограмм) из города Уштобе Каратальского района установил мировой рекорд в толчке (191 килограмм) – это его первое международное соревнование. Штангой занимается 5 лет. Его первым и личным тренером является Дмитрий Ольховский, а сам чемпион учится в Бестобинском сельскотехническом колледже.

Для Сайрамкеза Акмолды (61 килограмм) из областного колледжа-интерната олимпийского резерва города Талдыкоргана – это тоже первые международные соревнования, на которых он стал чемпионом. Спортом он занимается 4 года, а его личным тренером является Михаил Хамитов.

Для Ольги Пастуховой (81 килограмм) из города Текели – это уже второй победный чемпионат. В апреле 2017 года она завоевала золото на Чемпионате мира в городе Бангкоке (Таиланд). Тяжелой атлетикой занимается с 2014 года, когда на Чемпионате Республики Казахстан выполнила нормативы кандидата в мастера спорта РК, а в 2017 году выполнила нормативы Мастера спорта международного класса. Ее первым и личным тренером является Алексей Клиновитский. Ольга учится в Республиканском спортивном колледже олимпийского резерва в городе Алматы.

Песнями и танцами (Сайхан вместе с земляками зажигательно станцевал лезгинку), шарами и транспарантами: «Сайрамкез, жарайсың!», «Чемпион мира Сайхан Тайсуев! Мы тобой гордимся!», «Оля – чемпион!», «Поздравляем чемпионов!» встретили собравшиеся смущенных победителей. За всех сказала Ольга Пастухова: «Соревнования были необычными – мы выступали в мировой столице азартных игр, где одни казино, но, тем не менее, выиграли соревнования, которые были весьма интересными. А вот авиаперелет дался нам очень тяжело».

x x x

Вчера ранним утром чемпиона мира Сайрамкеза Акмолду торжественно встречали в областной специализированной школе-интернате – колледже олимпийского резерва города Талдыкорган, где он учится и тренируется с 2014 года.

На линейке, где собрался весь коллектив школы – педагоги, тренеры, учащиеся, присутствовали родители чемпиона, который своей победой заслужил и новое спортивное звание – «Мастер спорта международного класса по тяжелой атлетике». Директор школы-интерната Равиль Хамитов и заместитель директора по спортивной части Марлан Заманбеков поздравили Сайрамкеза с победой, отметили вклад тренера Михаила Хамитова в подготовку штангиста и поблагодарили родителей за воспитание сына.

Еще одной наградой спортсмену, прославившему на весь мир наш Талдыкорган, свое специализированное спортивное учебное заведение, Алматинскую область и Казахстан, стали долгие аплодисменты, звучное скандирование слова «Поздравляем!» и многочисленные фото на память.

Андрей ЧЕРНЕНКО,
Александр СКЛАБОВСКИЙ.




РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Этот удивительный бесік несколько раз пересекал границу Казахстана и Китая, пережил разные времена, но сохранился и всегда выполнял свою главную миссию - качал младенца. Не зря же у нашего народа говорят «Ел болам десең бесігіңді түзе», поэтому Ауесхан апа берегла его долгие годы, как связующую нить времен. Из этой колыбели вышли охотники, целители, даже писатели и поэты. Но не только бесік сохранила Ауесхан Мажайкызы. На протяжении многих лет она бережно хранит почти тысячу вещей и предметов быта, переходящих из поколения в поколение.

Алуа КОЖАХМЕТ

Семейные реликвии Ауесхан апа


Фото Дмитрия ЕРОФЕЕВА

Ничем не примечательный домик в селе Еркин города Талдыкоргана, но внутри – настоящий музей. В небольшой комнатке аккуратно разложены деревянная посуда, украшения, пуговицы, седло, самовар... Каждая старинная вещь – свидетель истории большой и дружной семьи Ауесхан апа. О каждой из них она может рассказывать часами. Кажется, экспонаты до сих пор хранят тепло рук ушедших людей. Все старинные вещи хранятся бережно, хотя многим из них более ста лет.

– Я хотела, чтобы все это увидели мои внуки и правнуки. Спасибо моему отцу, который все это сохранил и передал мне. Часто, показывая детям камчу дедушки или покрывало, сшитое талантливыми руками моей матери, рассказываю о нашем прошлом, каким оно было, какие трудности мы пережили и учу их быть благодарными судьбе. Теперь мы живем на родной земле, дышим ее воздухом, перед моими детьми открылись небывалые возможности в независимом Казахстане. И я верю, что в этом есть заслуга и нашего прошлого, которое мы бережно храним не только в памяти семьи, но и в наших реликвиях, – рассказывает Ауесхан Мажайкызы.


Она показывает нам набор покрывал и наволочек ручной вышивки. Вот это сшила ее мама. А эту наволочку – сама Ауесхан апа. Наша героиня начала шить еще ребенком. Сегодня ее первое рукоделие украшает зал на самом почетном месте. Мастерица радуется, что почти уже забытое ремесло наших мам и бабушек сегодня возрождается, люди возвращаются к прошлому, чтобы найти в нем источники для вдохновения и творчества. И это прекрасно! Наши национальные традиции, сохраненные пусть даже в этих простых экспонатах – символ трудолюбия, талантливости нашего народа. И об этом не надо никогда забывать.

Особое место среди антикварных вещей занимает патефон. Удивительно, но его еще включают и слушают музыку!

Конечно, сохранить все эти ценности было нелегко. Ауесхан Мажайкызы много раз пересекала границу. И всегда у нее на руках тяжелые баулы. Если кто-то везет из Китая вещи на продажу, то Ауесхан апа – семейные реликвии. Ей часто говорили: «Зачем тебе это барахло?». Но сейчас и дети, и внуки гордятся домашним музеем и благодарят за то, что несмотря на тысячи переездов, она сохранила самое главное – историю семьи, из которой и складывается большая история государства.

Өмірлік серігім, сырласым

Ең алғаш 1968 жылы қолыма қалам алып мақала жаза бастадым. «Ізғұттың игі істері», «Озат кітапханашы», «Киномеханик» деген тақырыппен жазған қысқа мақалаларым «Жетісу» газетіне шығып, көңілімді көтерді. Сол мақалаларды қиып, өлең жазып жүрген қалта кітапшама салып, азаматтық борышымды өтеу үшін әскерге кеттім. Жазумен таныстығым осылай басталды.



Үш жылдық әскери-теңіз флотқа түсіп, сүңгуір қайықта борышымды атқардым. Басшылыққа ұнаған жақсы қызметімнің арқасында екінші жылы бір жылдық партия мектебінің түлегі атанып, коммунисттік партияға мүше болдым. Туған жерден шалғайда, Қиыр Шығыста жүріп бір күн қаламымды тастаған емеспін. Соның арқасында көптеген өлең жаздым. Ол кейін жинақталып, «Атам қазақ» атты кітабыма кірді.

Міндетті борышымды өтеген соң партия мектебінің құжатымен қызмет істегім келді. Бірақ Кеген аудандық партия комитеті милиция қызметіне жолдама берді. Ол кезде коммунист адам партияның нұсқауымен ғана жүретін. Сөйтіп, милиция қызметіне кірісіп кеттім. 1972 жылдың мамыр айында Еңбекшіқазақ ауданына қоныстандым. Жарым Күлпара екеуміз жаңадан бас қосып, шаңырақ көтергенбіз. Милицияда қызмет ете жүріп, Еңбекшіқазақ аудандық «Еңбек жалыны», «Пламя труда», облыстық «Жетісу» газеттерінің штаттан тыс тілшісі атандым. Аудан жайлы, соғыс және еңбек ардагерлері туралы қомақты очерктер мен әңгіме, повесть жаза бастадым. Оларым «Жетісу» газетіне апта құрғатпай шығып жатты. Осының өзі жазуға деген құштарлығымды арттырды. Әсіресе, облыстық «Жетісу» газетінде қызмет істеген бас редактор Пернебек Бейсенов, Баймолда Мусин, Мамадияр Жақып, бөлім басшылары Мұғалімбай Жылқайдаров, Жолдасқан Бозымбеков, Шекербек Садыханов сияқты қаламы қарымды ағаларымның тәрбиесін алып, шыңдалған үстіне шыңдала түстім. Пернебек ағай 1975 жылы «Жетісудың» штаттан тыс тілшісі» деген құжатты қолыма ұстатқанда төбем көкке екі елі жетпей тұрды. Сонда:

– Байқа, бала, бұл құжатты жекебасыңа пайдаланып жүрме! «Газетке белсенді қатыссын!» – деп беріп отырмыз. Енді редакция тарапынан жекелеген тапсырма алып тұрасың, – дегені әлі есімде.

Сол жылы Жолдасқан Бозымбеков Жамбыл ауданындағы Таран, қазіргі Балғабек Қыдырбек ауылындағы құс фабрикасынан «Ту талапай» деген фельетон жазып оқырманды дүр сілкіндірді. Онда құс етін өздері талан-таражға салып, көптеген қаржыны жеп қойған басшылардың есімін ашық жазыпты. Соны оқып жазғандарым Жолдасқан ағаның мақаласына су құюға жарамайтынын ұғынып, солай қалам тербегім келіп кетті. Сондай ойда жүрген күндердің бірінде Пернебек аға: «Ауданыңнан «Жетісу» газетінің рейдін жүргіз!» – деген тапсырма келді. Жиырмадан жаңа асқан албырт шағым. Оған дейін де талай сын жазып, ысылып қалғаным тағы бар. Ақыры «Сауда тәртібі неге бұзылады?», «Ресторандағы айқай, шу!» атты екі сын мақаланы «Дүрбі» айдарына лайықтап жазып шықтым. Бірінші мақала аудандық қоймадағы аудан басшыларының жасырып қойған заттарына арналса, екіншісі аудандағы милиция бастығы, майор Иван Кирьянов жайлы түзілді. Тікелей бастығым Кирьяновтің арақ ішіп, ресторанда стақан сындырғанын, сол жердегі даяшы әйелмен ашына болғанын оқиға үстінде ұстап, акті жасадым. Оны өздеріне растатып, қол қойғыздым. Осындай келеңсіз оқиғадан шошып кеткен Пернебек аға:

– Бала, құрыдың, өз бастығынды өзің сынағаның не? Ертең жұмыстан кетсең, біз қорғай алмаймыз, – деп менің жазғаныма алаңдады.

– Аға, қорықпай баса беріңіз, қолымда жазылған актісі бар, оған бақылау комитетінің адамдары растап қол қойған, – дедім. «Онда жарайды!» деген ағам мақалаға «Дүрбі» деген айдар қойды да жариялап жіберді. Сол мақалам үшін милиция бастығын Солтүстік Кавказға жер аударып жіберді. Міне, бұл сол кездегі сөздің, газеттің мықтылығы еді.

Өзім қатарлас Марат Тоқашбаев, Рахымжан Өтегенов, Мейрамбек Төлепбергенов, Жанболат Аупбаев, Марат Әбдіқалықов сияқты жалынды журналистер қанатыма күш-қуат қосты. Сексенінші жылдары басқа салада қызмет етсем де КСРО Журналистер одағының мүшесі атандым. Осылайша үлкен тәжірибелік мектепте шыңдалып, қанаты қатайған қарымды журналистердің қатарына қосылдым. Жолдасқан Бозымбеков сияқты ағаның жазу үлгісі мен сүзгісінен өткенімді өзіме бақыт санаймын. Олар көптеген мақалама «Дүрбі», «Сын садағы» сынды айдар тағып, газетке жариялап тұрды. Жақсы жазсам менімен бірге қуанды, нашар жазсам ақылын айтты. Марқұм болғандарының иманы салауат болсын, тірі жүргендеріне, газет арқылы рахмет айтқым келеді. Жазғыштығымның арқасында көпшілік мені «милиция» емес «журналист», «ақын» деп таныды. Тіпті милиция қызметкері екенімді ешкім білмейтін. Сөйтіп, ауыр да қиын милиция қызметімен жазуды қатар алып жүрдім. Милицияның пайдасы, ешкім кіре алмаған Республикалық Ішкі істер басқармасының мұражай, мұрағатына рұқсат алып кіруге мүмкіндік таптым. Әңгіме, повесть, деректі романдар жазуыма түрткі болды. Сол қызметте жүргенде жазған «Қылмысты құтылмайды», «Із кесу», «Ерекше тапсырма» сияқты кітаптарым «Қазақстан» баспасынан жарыққа шығып, оқырман ықыласына бөленді. Милиция тарихына байланысты жазылған «Ерекше тапсырма» кітабымды сол кездегі Қазақстан Ішкі істер министрінің орынбасары, генерал-майор Тұмарбеков жоғары бағалады. Жасы отызға толмаған мені жеке қабылдап: «Сен әлі бала екенсің ғой, жазуыңа қарағанда көпті көрген жетпістегі шал екен десем. Мына кітапты жақсы жазыпсың, баспаға жариялауға рұқсат етіп отырмын. Рахмет! Қаламың ұштала берсін!» – деп арқамнан қағып, батасын берді. Ал 1989 жылы милиция, прокуратура, сот істері туралы жазылған «Із кесу» атты кітабымды жоғары бағалаған Ішкі істер министрінің орынбасары, генерал-майор Мұрат Қалматаев «СССР-дің үздік милиция қызметкері» деген төсбелгімен марапаттап, әйелім Күлпара Саутақынқызымен екеумізге өмірі көрмеген Кисловодск қаласына емделуге тегін жолдама берді. Жол ақысын Ішкі істер министрлігі төледі.

Шабыт дегенге шек жоқ екен. Милиция қызметінде жүріп, 1974 жылдан 1986 жылға дейін облыстық ақындар айтысына Еңбекшіқазақ ауданының атынан қатысып, жүлдемен оралып жүрген күндерде осыны түсінгендей едім. 1981жылы Мұқағали Мақатаевтың 50 жылдығына орай Нарынқолда өткен айтыста екінші орын алғанымыз Мәскеуден арнайы келген «Дружба» журналының журналисі Разия Гафурова «Поющее сердце» деген мақала арнады. Сол мақала шабытыма шабыт қосып, мерейімді үстем етті. Кейіннен жұбайым Күлпара да айтыстан бағын сынап көрді. Әншілігі, ақындығы басым дарынды адам еді, жастай қайтыс болды. Өмірдің күнгейі мен теріскейі қатар жүретіні рас екен. Тірліктің ащысы мен тәттісін бірге татқан жұбайымның қазасынан ақын, журналист деген атқа ілігіп, марқайып жүрген көңілім пәсейіп қалғанын қалай жасырайын?! Жылдығына орай ақын, журналист Шекербек аға Садыханов мақала жазды, ол кісіден асырып ештеме айта алмаспын. Осылайша «Жетісу» газеті құлап бара жатқанымда сүйеу болды, жылағаныма басу айтты, мұңайғанымда жұбатып, қуанышыма ортақтасты. Сол үшінде бұл газетті жанымдай жақсы көремін. Өмірлік серігім сияқты.

Күлпара қайтыс болған 1991 жылдың күзінде ішкі істер бөлімінен жиырма бес жылдық өтілмен зейнеткерлікке шықтым. Зейнетақы да, балаларға төленетін жәрдемақы да мәз емес. Төрт баламды ешкімнің қамқорлығына бермей, біреуге тәуелді етпей, бағып-қақтым. Әсіресе анасынан екі жаста қалған Аяна деген қызымды мәпелеп өсіру қиынның қиыны болды. Сондай қиындықтарға төтей жүріп, жұмыс істедім. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамының ақылы орынбасары болып біраз жыл қызмет істеп, мемлекеттік тілдің жетілуіне көптеген үлес қостым. Бюрократ басшылармен, аудан аппаратында істейтін Цифредий сияқты тілге қарсыларды газет арқылы сынап, орнынан тайдырдым. Бұны бүкіл аудан жұртшылығы күні бүгінге айтып жүр. Одан соң Қазақстан Жазушылар одағының шығармашылық үйіне директор, шаруашылық меңгерушісі қызметтерін атқардым. Балаларымды жетілдіру үшін сенбі, жексенбі күндері, қызметтен қолым босай қалғанда Ташкент пойызына отырып, Шыршық қаласындағы дәке шығаратын фабрикадан жоғары сапалы дәке әкеліп, аудандық ауруханаға, базарларға өткізіп, саудамен де айналыстым. Заман ағымына осылайша бейімделіп, сегіз жыл қызмет пен кәсіпкерлікті қатар алып жүрдім. Бір өзім екі-үш жұмыс істегендіктен балаларым еш таршылық көрмеді. 2000 жылдан бастап «Тамаша», «Ақбаян» газеттерінде тілші, 2006 жылдан халықаралық «Қазақстан-Zaman» газетінің сын бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, небір сын мақала жаздым. Аумағы 300 мың гектардан астам жерді алып жатқан Көлсай көлдерін жекеменшік «Жібек жолы» компаниясына қолды болып кеткен жерінен мемлекет меншігіне қайтаруға күш салдық. Үйғыр ауданындағы, Павлодар облысының Ақсу, Ертіс, Орал облысы, Жезқазған қаласы, Жамбыл облысындағы Мерке, Тоғызтарау, Жамбыл, Жуалы ауылдарында, Қостанай облысындағы кемшіліктер, Шымкенттегі Түркістан қаласы, Жүйнек аулындағы келеңсіздіктерге қаламымның шапағаты тиді. Бүгін мұны мақтанышпен айта аламын. Бір газеттің өзінде жүзден астам сын мақала жазыппын. Қазір қыздарды қияға қондырдым, жоғары білімді маман иелері атанды. Анадан екі жасында қалған Аяна деген қызым екі балалы, Алматыда дәрігер. Күйеуі Аман екеуі Талғар қаласында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Еркебұлан деген ұлым заңгер, Шынар экономист, Назгүл сегіз балалы «Ардақты ана». Күлпарадан қалған төртеуінен он төрт немере, екі шөбере бар. Биыл марқұм Күлпараның қайтыс болғанына жиырма сегіз жыл болды. Ал Нұрғайшамен бас қосқаныма он бесінші жыл. Оның екі ұлы Данияр мен Мұстафаны өз қамқорлығыма алып аман-есен өсірдім. Данияр Нұрғелді деген кішкене немереміз бар. Нұрғайшадан өз кіндігімнен Алуа қызым өсіп келеді. Есік қаласында В. Терешкова мектебінің оқу озаты. «Қазақ болып туғаныма мақтанам!» атты әкесінің өлеңін «Қазақстан» телеарнасынан оқып, ағайын-туыстың қуанышына айналды.

Құдайға шүкір, биыл маусым айында 68-ге толамын. Жазушылар одағы мен облыстық әкімдіктің қолдауымен Еңбекшіқазақ ауданында шығармашылық кештерім өтіп, кітаптарым көрмеге қойылды. Өлеңдерімді Қытайдағы Халықаралық «Көкжиек» облыстық «Іле айдыны» журналдары басып, сол жақтағы қалың оқырманға таныстырды. Өмірім мен шығармашылығымды осылайша өрбіткен «Жетісу» газетінің ұжымына, жүз мыңдаған оқырманына газет арқылы рахмет айтқым келеді. Алдымдағы ағалар мен артымнан ілескен інілеріме мың алғыс! Қаламдары қарымды, шығармалары шабытпен жазыла берсін! Елу жыл серігім, жанашырым, сырласым болған «Жетісу» газетінің әрбір жаңа нөмірін күтіп отырамын. Сүйікті газетіме тілерім – миллиондаған оқырманың болсын!

Жүз жылдығың құтты болсын!

Шаяхмет ҚҰСАЙЫНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар, Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы

100 жыл

Жетісу

Шам жанатын ауылдан шалғайдағы Тасқұдықтан көшіп келген жылы күзде әкем жазылды ма, шешем жазылды ма, білмеймін, әйтеуір 1967 жылы біздің үйге «Жетісу» газетінің келе бастағаны есімде. Одан басқа да «Балдырған», «Мәдениет және тұрмыс» журналын алып тұрдық. Ол кезде «Балдырғаннан» басқасының бетін ашып оқуға дәрменіміз жетпейтін. Өзіміз де балдырған болатынбыз.

ЕҢ ШУАҚТЫ күндерімнің айнасы

1973 жылы мектептің тоғызыншы сыныбында оқып жүргенде «Жетісудың» бір санын көршіміздің үйінен көріп қызыққаным тағы есімде. Қарғалы шұға комбинатында тоқымашы болып жұмыс істейтін еңбек озаты, коммунист Нұрбала тәтеміз туралы бір мақала жазылыпты. Соны үй-ішіне көрсетіп кәдімгідей масаттанғаны маған да тосын ой салып еді. «Газет деген адамның абыройын көтереді екен-ау» деп пайымдағам, «шіркін, онда қызмет ететін адамның арманы жоқ шығар» деген ой түйгем. Содан кейін оныншы сыныпта жүргенімде Сұлтанғали Қаратаев сияқты «Қайраттың» ойынынан репортаж жүргізетін комментатор болсам деп армандағам. Газетке, журналистикаға жетелеген ынтызарлықтың бастауы екен сол талпынысты ойларым.

Кейін, 1981 жылы көктемде Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» (қазіргі «Атамекен») газетінің фототілшісі атандық. Өмірі қолына фотоаппарат ұстап көрмеген бізге редакторымыздың осы қызметті қалай сенің тапсырғанына әлі күнге дейін қайранбыз. Сірә, алысты болжаса керек Нағашыбек ағамыз. Бізден бірдеңе шығатынына сенген-ау. Әйтпесе, алдында жеті ай корректор болып, қатені әп-әдемі түзетіп жүрген жерімнен «оқуға түсемін» деп кетіп қалғанымда ренішін жасырмаған еді, қайта айналып келгенімде меселімді қайырмай қабылдағанына риза болғанмен, жазу-сызуға соншалықты қатысы жоқ фототілшілікке «жеккенін» өз басым көпке дейін түсінбей жүргенім рас енді. Сөйтсем, ел танысын, жер көрсін, газеттің ыстық-суығына әбден икемделіп, ысылсын дегендік екен.

Әйтсе де біз бірден фототілші болып кете алмадық. Көп қиналдық. Бірде жарықтан, бірде фоннан, бірде ракурстан қателестік. Шығарған суретіміз бірде қарайып, бірде ағарып көдеге жарамай пұшайман болдық. Ол кезде газеттің суреті Алматыда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне қарасты ең үлкен баспахананың (кейін «Дәуір» деп аталған) цинкография цехында дайындалатын. Мырышты тақтаға басылатын суреттердің сапасын Алматы облыстық баспаполиграфия басқармасының бас инженері Александр Шахворстовқа көрсетіп, сол кісінің батасын алған соң ғана әлгі цехқа өткізу керек. Менің шалажансар «туындыларымның» көбісі көңіл көзді сарапшының талабынан шықпай қалады. Амал жоқ, екі өкпемді қолыма алып «Жетісудағы» Кенжекеңе жүгіремін. Сол кезде облыстық газеттің суретші-ретушері, марқұм Кенжебек Барманбековтің ағалық қамқорлығын көп көрдім. Жаны жаннатта болғыр Кенжекеңнің «реанимациясынан» шыққан суреттерімді ескі тігінділерден қарап отырып, осы күні езу тартатыным бар. Өмірдің талай-талай кезеңдерінде алдымнан «Жетісу» газетінің жақсы адамдары жолығыпты-ау деп тәуба қылам сондай кездерде.

«Жетісуда» жалғыз Кенжекең ғана емес, кейін де жақсы ағаларым алдымнан жиі шығып тұрды. Ағалық ақылдарын айтты, жан жылуымен аялады, қолынан келген қамқорлығын аямады.

Журналист болсақ-ай деп ұмтылған жылдардың елең-алаңында редакциядағы әріптес жігіттер: «Ана Нұрманбет ағаңа барып суреттің қыр-сырын меңгер, ана Жұмаш ағаңа апарып берсең суретіңді «Жетісуға» шығарады ғой. Жақында соларға, кеңесін тыңда» дейтін. Біздің мінезіміз ынжықтау болды ма, көбіне батынып бара алмадық. Енді кейде ойлаймын, сонда елгезектеу, жұғымдылау болсақ, мүмкін «Жетісудың» дәм-тұзы бізге 2007 жылы емес, одан әлдеқайда ертерек буйыратын ба еді деп.

Мейлі ғой, тағдыр шығар, 2007 жылы көктемде «Жетісудың» меншікті тілшісі атандық. «Сен бәрібір чиновник бола алмайсың. Бізге, «Жетісуға» кел. Біраз істесең, бөлім меңгерушісі боласың, қаламың ұшталады. Қашанғы біреуге баяндама жазып жүре бересің» деп өзі редактор болып келген 1998 жылы-ақ шақырып еді Жақаң. Ауылдан аттап басып шықпаған қазақтың бірі емеспіз бе, қорқасоқтадық па, әйтеуір әкімшіліктегі қызметімізді тастап кете алмай, біраз жүріп қалдық. Мұнда да оң босағада отырып қалған қыздай, не өспедік. Содан қойшы, «Жынына кеп мұным семіз малайдың, қожасына ұнамайды жүрісім» деп, Мейірхан Ақдәулетов жырлағандай, «қожамызға жүрісіміз ұнамай» бір күні арыз жазуға тура келді. Енді қайда барамын деп қайғырып жатқанымды естісе керек, Жақыпжан Нұрғожаев ағамыздың өзі телефон шалсын. «Енді келесің бе?» деді. «Қандай қызмет ұсынсаңыз да ғайылмын» дедім мен пақыр, көзіме келіп қалған тамшыны бір сипап тастап.

Сәуір еді. Жақыпжан ағамның арқасында сәуірдің самалы Талдықорған жақтан есіп сала берді. Мың да бір рахмет! Бала-шағасының қызығын көрсін. Қапшағай мен Балқаш ауданын қоса беріп, меншікті тілші етіп бекітті. Бұрын көрмеген ел мен жерді көрдім. Небір ғажайып адамдармен таныстым. Екі жарым жылдан кейін өзім туып-өскен Жамбыл ауданының тынысы мен тіршілігі туралы қалам тербеу міндетін жүктеді редакторым. Шамам келгенше жаздым. Талдықорғандағы редакция аппаратында Әміре Әрін, Жанкүміс Жәмеңке, Нүсіпбай Әбдірахым, Қуат Қайранбай, Болат Абаған, Бидахмет Жаңабаев сынды алтын сақадай әріптестерім әрбір сәтте демеді. Жұматай Әміреев, Нұржамал Әлішева, Қажет Андас, Гүлжан Тұрсын, Гауһар Дүйсенбаева, Алма Есенбаева, Ришат Тұрғанбаев, Жұмабай Мұсабеков, Аслан Қажеке сынды тағы да басқа іні-қарындастарым ілтипатын аяған емес.

Алматыдағы тілшілер қосыны екінші үйіміздей болды. Пейіште нұры шалқығыр Сайлаубек Байдүйсенов, Баянды Зәкіров, Шолпан Жұмаділова қандай еді! Ілияс Жүніс, Асқанбай Ерғожаев, Үлбосын Исабек, Болат Мәжит, Жауһар мен Гүлімнің орны да бөлек мен үшін. Бәріне рахмет, бәрінің отбасы аман болып, діттеген мақсаттарына жетсін деген тілектемін.

* * *

«Жетісуым» менің! Өзім сені білгелі елу жылдан еркін асты. Өмірімнің әр кезеңінде алдымнан жарқырап шығып отырдың. Тіпті осы журналист мамандығын таңдауыма сенің де бір себепкер болғаныңды жоғарыда айттым. Ең шуақты күндерімнің айнасы да – Сен. Сондықтан сенің ғасыр белесінен асар мерей қуанышына арнайы бір мақала жазу үшін менің сонша тебіреніп, толғатқанымды сезер ме екенсің. Иә, айтпақшы, жуырда бір қызық болды.

Алпысқа келіп жатсақ, не бітірдік дейміз, елге қай бетімізді көрсетеміз деген оймен қара сөз үшін қаламды сияға малған сәттерімізден жинақталған мақалаларды топтастырып қояйықшы деп ойлағанбыз. Қарасақ, жиырма баспа табаққа жуықтайтын әртүрлі жанрдағы дүниеміздің сексен пайыздан астамы осы «Жетісу» газетінде жүрген кезімізде жазылыпты. Енді осыдан артық «Жетісу» маған қандай жақсылық жасасын. Саған шексіз қарыздар екенімді білемін мен, ардақтым!

«...Ақ уыз берді, қарыз деп Анам айтпады,
Мойнымда әлі, әкенің қарызы қайтпады.
Қарыз демей-ақ, қамқоршым болған дос қанша,
Қайтарар едім, қайтейін, мені байытпады...» деп мұңайып еді бір өлеңінде ақиық Мұқағали.

Өзіңнің алдыңдағы қарызымды қалай қайтарарымды білмей мен де кінәлі баланың күйін кешіп отырмын қазір. Қарыз демей-ақ қамқоршым болған «Жетісуым», алдыңда әрдайым бас иемін. Сенің үнің мен қазақтың тілі ғасырдан ғасырға, дәуірден дәуірге ұлассын. Мәңгілік Елдің мәңгілік газетіне айнал, «Жетісу», жасай бер!

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,
Жамбыл аудандық «Атамекен» газетінің бас редакторы.



ФОТОАРХИВ

Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

■ Жаңа кітап



ТАЛДЫҚОРҒАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН САН ТҮРЛІ ПІКІР АЙТЫЛЫП КЕЛДІ. ОНЫҢ БІРІ ҚАЛА ТАРИХЫН 1860 ЖЫЛДАРЫ ОСЫ ӨҢІРГЕ ГАВРИЛОВТАР ОТБАСЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП, ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖӘНЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҚИТҰРҚЫ САЯСАТЫ АРҚЫЛЫ САНАМЫЗҒА КҮШПЕН СІҢІРДІ. ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІН ДЕ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ҚАЛА ТАРИХЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ОСЫНДАЙ ДЕРЕКТЕРГЕ СЕНІП КЕЛДІ. АЛАЙДА, БҰЛ ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫ ТАРИХШЫЛАР, ӨЛКЕТАНУШЫ ҒАЛЫМДАР МЕН ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТТАР, ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ ЖОҚҚА ШЫҒАРЫП КЕЛДІ. ОЛАР ӘР УАҚЫТ, ӘР ЖЕРДЕ ӨЗДЕРІНІҢ ҚАРСЫ ПІКІРІН БІЛДІРГЕНІМЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙ КЕЛГЕН БОЛАТЫН. МІНЕ, ЕНДІ ТАРИХТЫҢ СОЛ БІР АҚТАҢДАҒЫНА РЕСМИ ЖАУАП БЕРІЛДІ. ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫНЫҢ, ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ҚОЛДАУЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ҚАЛАНЫҢ БАЙ ТАРИХЫ ҰРПАҚ ТАЛҚЫСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ. БҰЛ ЕҢБЕКТІҢ ЕЛБАСЫНЫҢ: «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ОРАЙ ЖАРЫҚҚА ШЫҚҚАНЫН ДА ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ ДЕП БІЛДІК.

Тарихымен тағдырлас ТАЛДЫҚОРҒАН

Расында, осы мақсатта қалалық ардагерлер ұйымындағы ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдері аз еңбек еткен жоқ. Қала тарихын түйіндеу үшін «Тарихы терең Талдықорған», «Тұңғиық сыр тұнған қасиетті Талдықорған» және жаңадан тұсауы кесілген «Тарихымен тағдырлас Талдықорған» атты желілес үш кітап жазылды. Осы барыста тарихшылар деректермен қамтамасыз етсе, археологтар петроглифтерді, қорғандарды анықтауға көмектесті. Осылай жинақталған бай ақпаратты баспасөз саласында ұзақ жылдар жұмыс істеп, бүгінде аузы дуалы ақсақалға айналған Тұрсын Әбдуәлиев, Таңатар Алшабеков, Серік Толғанбаев, Болат Бисұлтанов, Болат Молдабеков, Әли Ысқабай қатарлы абыздар мен қарымды қаламгер, қаламы жүйрік журналистер Әміре Әрін, Гүләйім Түстікбаева, Жұмамет Жайлаубаев, Қажет Андас, дәрігер Ш. Ахметжановтар ылғап, екшеп, тігісін жатқызып, жазып шықты.

Жоғарыда аталған авторлар тобының мақалалары жинақталған үш кітапты танымал тарихшыларымыз М. Қойгелдиев, М. Кәрібаев, О. Мұхатов, философия ғылымдарының докторы А. Қасабеков сияқты ғалымдар таразылап, пікір білдірді. Олар кітаптағы деректердің нақтылығына, ұғымның дәлдігіне, ондағы келтірген дәйектердің дұрыстығына ғылыми тұрғыда сенім білдірді. Сондай-ақ, өлкеміздегі бірден-бір жоғары оқу орны саналатын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғалым-ұстаздары арнайы ғылыми-тәжірибелік конференцияларда кітаптағы құнды деректерді жұртшылыққа жайып, қаламыздың он неше ғасырлық тарихы бар екенін дәлелдеуге күш салды. Осы тұста үш кітаптың жарыққа шығуына демеу білдіріп, қолдау көрсетіп, қаржылық және моральдық тұрғыдан қол ұшын созған Талдықорған қаласының бұрынғы әкімі Ермек Алпысов пен қазіргі әкімі Бағдат Қарасаевқа жұрттың алғысы шексіз екенін айта кеткен жөн.



Күні кеше тұсауы кесілген «Тарихымен тамырлас Талдықорған» кітабының да салмағы ауыр. Өйткені осы кітапты жазудың басы-қасында болғандықтан көптеген қиындықтардың болғанын өз көзіммен көріп, бастан өткердім. Десе де, сол еңбек жұртқа ой салар нәтижемен аяқталды.

– Бұл еңбекті қолға алудың да өзіндік себебі болды. Түптеп келгенде, Талдықорған қаласының тарихын 140 жылмен шектеп келген түсінікті жою үшін қалалық ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері 5-6 жылдан бері “Тарихы терең Талдықорған”, “Тұңғиық сыр тұнған қасиетті Талдықорған” атты желілес екі кітапты оқырманға ұсынып, түйткілді талай сұраққа жауап берген еді. Енді, міне, соның жалғасы, “Тарихымен тағдырлас Талдықорған” кітабы нақты дәлел, бұлтартпас дәйек, шымыр шындықтар арқылы қала тарихының 1200 жылдан арыда жатқанын дәлелдеп берді, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Халық ағамыз тұсаукесер рәсімінде сөйлеген сөзінде. – Ол ақиқаттар осы үш кітапта сайрап жатыр. Оны оқыған адам түйсінеді.

Ал аталған кітаптың басқа да терең, мағыналы тұстары туралы тарих ғылымдарының докторы Гүлнар Капекова, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, кітап авторлары Тұрсын Әбдуәлиев, Таңатар Алшабеков, Әли Ысқабай қатарлы ардагер ақсақалдар сөз етті. Әсіресе, қала әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаевтің: “Қала тарихы жайлы жазылған желілес үш кітап алдағы уақытта қала мектептерінде насихаттalып, жастардың өлкетануға деген ынтасына сеп болады” дегені көпшілікті қуантып тастады.

Соңында кітаптың лентасы қиылып, көпшілікке үлестірілді. Шараны «Талдықорған әуендері» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің өнерпаздары әсем ән, әуезді күймен қорытындылады.

Қажет АНДАС

■ Жыр-арнау

Қыдыркелді ініме

Сарқылмасын өміріңнің бұлағы,
Өркен жайсын ұрпақ – өмір құрағы.
Ғұмырыңды ұзақ қылсын Жаратқан,
Алауласын бақытыңның шырағы.

Қиындықтар болса сөгіп көбесін,
Жаратушы өзі жар боп жебесін.
Тіршіліктің сайраған даңғылында,
Кезіксе де тосқауылдар көнесің.

Үлкенге іні, кішілерге ағасың,
Жақсылармен тауып жүрсің жарасым.
Ақылға сап, бәрін оймен салмақтап,
Өткел бермес тасқыннан жол табасың.

Биіктей бер асқарларға талпынып,
Қажымағын, қалмағайсың алқынып.
Бұрқасынды дауылдарға қарама,
Жақсы күнің көп болсыншы, жарқыным.

Төзімді боп қиындыққа көне бер,
Ұшталсыншы бойыңдағы көп өнер.
Тіршілікте ғұмыр кешіп бақытты,
Болашаққа желкен тартсын кемелер.

Мейірім мен адалдыққа гүл егіп,
Азаматқа лайық өмір сүрейік.

Дәл өзіңдей арқа тұтар ұлдарға
Жарасымды жарқын өмір тіледік.

Өмір сүргін дауласпай да ұрыспай,
Жігерің да болсын дәйім құрыштай.
Жолдастарың көп болсын, бола берсін,
Жақсы досың артық нашар туыстан.

Сенің дәмді сөзіңді еске аламын,
Басымды ием, өрлей берсін талабың.
Көктей берсін бұтақта жапырағың,
Оңға бассын өмірдегі қадамың.

Татымды сөз ақылдыдан шығады,
Парасатың бейне ақыл бұлағы.
Жақсы азамат күн тәрізді әр кезде
Қиналғанға түсіп жүрер шуағы.

Беделдісің досыңа да қасыңа,
Қиындықтар кездессе де жасыма.
Жылғадағы мөлдір бұлақ тыныспай
Аға берсе дарияға қосылад.

Аулақ болып сенімсіздік, күдіктен,
Қай кезде де көрінгейсің биіктен.
Пейілің мен мейіріңді аңыз ғып
Айтып жүрер елің жақсы үмітпен.

Рахман ЖАРЫҚБАЕВ
Іле ауданы

■ Сағыныш



ЖҰРТ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН

ӨМІРДЕН КӨРГЕН-ТҮЙГЕНІ КӨП, МОЛ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҒАН ЖӘНЕ ОНЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫНА ЖЕТКІЗСЕМ ДЕП ЖАНТАЛАСЫП ЖҮРГЕН АҚ САҚАЛДЫ ҚАРИЯ МЕН АҚ ЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕР, АЯУЛЫ АНАЛАРҒА ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛСЕ ДЕ АРТЫҚ БОЛМАЙДЫ. СОНДАЙ ДАРИЯ КЕУДЕ, ТАУ МҮСІН АҚСАҚАЛЫМЫЗДЫҢ БІРІ, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ, ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ МҮШЕСІ ТОҚТАРБАЙ ҚАНАПИЯНОВ АТАМЫЗ.

Өкінішке орай, күні кеше арамызда асқақ тұлғасымен аталық бейнесін әспеттеп жүрген Тоқтарбай атаны қимастықпен мәңгілік мекеніне аттандырып салдық. «Араздасып ағайын кетер еді, бір қария болмаса бір ауылда», – деп Мұқағали ақын айтқандай, алдымен отбасының, қала берді бүкіл қауымның ынтымағының іргетасы болып жүрген қартымыздың бірі еді. «Жүрген соң баурайында күнде көріп, таулардың асқақтығы байқалмайды» дегендей, арамызда жүргенде көкейіндегі көп дүниесін жазып алуға салғырттық танытқанымызды қазір ойлап өкінеміз. Бірақ, ол кісіден бізге асқақ рух, таза адамгершілік, ізгі ниет, тағы да басқа ұлы адамдық қасиеттер қалды.

Тірі болғанда тоқсан алты жасқа келетін атамыз Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында туды. Әкесі Қанапия Қозайдаров ұжымшарда бригадир, шешесі Әсемгайша Ақашбайқызы сауыншы. Әкесі сиыр фермасын басқарып жүріп, 1941 жылы соғысқа аттанады. Ал Тоқтарбай 1942 жылы әскер қатарына алынып, Ташкент қаласындағы радист дайындайтын курсты бітіріп, 1943 жылы шілдеде соғысқа аттанады. Сұрапыл соғыс жылдары Украинаның Днепр өзенін жаудан азат ету шайқасына қатысып, үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады. Өкінішке орай, соғыс барысында ауыр жарақат алып, оң қолынан айырылады да 1944 жылы наурыз айында ауылға қайтады. Келе сала 1944 жылы Қапал училищесінің мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсын бітіріп, Қоғалы ауылына мұғалімдікке жіберіледі. 1944 – 1952 жылдары осы ауданның Қоғалы, Доланалы, Қызылжар орталау мектептерінде алғашында тарих, география пәндерінен дәріс береді. Кейіннен оқу ісінің меңгерушісі, 1947 – 1952 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарады. Бірақ, денсаулығына байланысты 1952 жылдан бастап Көксу ауданы, Еңбекші ауылындағы Амангелді орта мектебіне ауысып, сол мектепке мұғалім, директордың орынбасары, директор болып 35 жыл еңбек етіп, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» сияқты көптеген атақ, мерекелік медальдің иегері атанады. Осы аралықта, яғни, 1954 жылы Абай атындағы мемлекеттік университетке сырттай оқуға түсіп, 1960 жылы тарих мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1987 жылы құрметті зейнеткерлікке шыққаннан кейін Талдықорған қаласына көшіп келіп, қазіргі таңда облыстық ардагерлер ұйымының мүшесі ретінде жас ұрпақтың тәрбиесімен айналысып жүр.

Отбасындағы үш ұл, үш қызы да жолын қуып, ел үшін еселі еңбек етіп жүр. Ел өміріне, қоғам өркениетіне қосқан атамыздың еңбегі еленіп, облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 30 қазандағы №24 – 149 шешімімен «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Бұған дейін де Көксу, Ақсу аудандары мен Талдықорған қаласының Құрметті азаматы атанып, беделге ие болғанын білеміз. Иә, өмірін өрлікпен өрген, білімді ұрпақ өсірген, жастардың жанашыры болып жүрген Тоқтарбай Қанапиянов атамыз бүгін арамызда жоқ. Өткен жылы қараша айында бақилық сапарға аттанып жүре берді. Бірақ тұтас өмірін елдің еркіндігі, жұрттың берекесі, ұрпақтың болашағына арнаған ұлы істері көкейімізде сақталып қалды. Атамыздың ұлы істері жайлы әлі талай ұлағатты дүниелердің көптеп жазылатынына сенімдіміз.

Қ. ОМАРАҚЫН

■ Чернобыль апатына – 32 жыл



ЕРЛІК – ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ

ЕРЛІК ҚАШАНДА ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ, БЕТ-БЕЙНЕСІ. СОЛ АРҚЫЛЫ КІМ ЕКЕНІМІЗДІ БІЛЕМІЗ, ӨЗІМІЗДІ ТАНИМЫЗ. «ТИТАН ІІ» АПАТЫ ПАЛОМАРЕСКЕГЕ ҚҰЛАҒАН СУТЕГІ БОМБАСЫ, КЫШТЫМ ЭКСПЕРИМЕНТІ, УИНДКЕЙЛ ЖӘНЕ ЧЕРНОБЫЛЬ ТРАГЕДИЯСЫ, ФУКУСИМА ЗАРДАБЫ ӘЛІ ДЕ ЕЛ ЖАДЫНДА. БИЫЛ ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА – 32 ЖЫЛ. ОСЫҒАН ОРАЙ ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА ОРНАЛАСҚАН ДАҢҚ ОБЕЛИСКІСІНІҢ АЛДЫНА АРДАГЕРЛЕР, ЖИНАЛҒАНДАР ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЙЫП, ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ҒИМАРАТЫНЫҢ ЗАЛЫНДА АРНАЙЫ «ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ» АТТЫ ЖИЫН ӨТКІЗДІ.

«Жетісу»
Серік ҚАНТАЙ

1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр стансысының төртінші ядролық реакторының бірінде жарылыс болғанда оны залалсыздандыруға сол кездегі Кеңес құрамындағы Қазақстанның да азаматтары жұмылдырылды. Ерлік көрсетіп, алдыңғы шепте болғандары қаншама?! Апатты ауыздықтандырмағанда оның радиоактивтік ластану аймағы қазір Украина, Ресей және Беларусь елдеріне жайылып кететін еді. Бұл аталған елдер үшін ғана емес, әлем үшін қауіпті-тұғын. Чернобыль атом электр стансысының зардаптарын жоюға 600 мыңға жуық адам қатысса, оның 32 мыңы Қазақстанның азаматы. Ал облысымыздан 602 адам қатысты. Жиынға арнайы келген Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев облыс орталығында 102 ардагердің барын айтты.

Ең әуелі ардагерлер және жиналған жұртшылық Даңқ обелискісіне гүл шоқтарын қойып, Украина жерінде ерлік көрсеткен жақындарын, туыстарын, жолдастарын еске алды.

Шарада бірінші болып сөз алған қала әкімінің орынбасары Мәрлен Қапашұлы АЭС-те орын алған апатты залалсыздандыруға қатысқандарды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестірілгенін айтып, жүректе қалған дақтың өшпейтіндігін және келешекте еліміз үшін, халқымыз үшін сабақ болатынын жеткізді.

Екінші болып мінбеге көтерілген Талдықорған қалалық Чернобыль апаты мүгедектер, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұстафа Құсайын сол жерге аттанғандардың ерліктеріне тоқталды. Мұстафа Құсайын: «Бүгінде облыс орталықтарының барлығында Чернобыль апатына қатысқандардың құрметіне қойылған ескерткіштер бар, тек Өскемен мен Талдықорғанда жоқ», – деді.

Бірқатар ликвидатор-жауынгерлерді қала әкімінің орынбасары Алғыс хатпен марапаттап, арнайы мерекелік төсбелгілерді тақты. «Ерлікке тағзым» атты жиын Талдықорған әуендері фольклорлы-этнографиялық ансамблінің концерттік бағдарламасымен аяқталды.

■ Өлең-өрнек

Кеңес Одағының батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы, әлемге әйгілі 316-дивизиясы, кейіннен 8-гвардияның қолбасшысы болған Бауыржан МОМЫШҰЛЫН еске алып, арнаған жыр толғауым.

Автордан.

Батыр ұлы қазақтың



Біз қазақпыз, батыр туған ежелден,
Дұшпанына басын иіп көрмеген.
Ақ найзасы қолдарында жарқылдап,
Жоңғарларды қуып шыққан ерлеген.

Қарашы, әне, Алтай менен Атырау,
Арасында алты айлық жол жатыр-ау.
Осы жерді жаудан қалай қорғаған,
Бабаларым, неткен ғажап батыр-ау.

Тарихымда батырлар көп, өлмеген,
Жұлдыздары жарқырайды, сөнбеген.
Осылардың жолын қуған Бауыржан,
Саған білсем, еш батыр тең келмеген.

Әділдікті, жеңісті арман еткен,
Жауына ажал оғын нөсерлеткен.
Қатерлі ел басына күн туғанда,
Кезің жоқ дұшпаныңа есең кеткен.

Қан майдан, соғыс өрті өрістеген,
Шайқастар жүріп жатты кескілескен.
Қаншама қауіп-қатер төнсе-дағы,
Айқастың Отан үшін берілместен.

Астыңда ақ боз атың арындаған,
Ешкімге басын иіп, табынбаған.
Айтылған әрбір сөзі сарбаздарға,
Рух беріп, олар от боп жалындаған.

Алға бастап, сарбаздарды демедің,
Немістердің жолын кесіп, бөгедің.

Соққы бердің Москваның түбінде,
Атың шыққан қолбасшының бірі едің.

Қан ұрыста бір болдың Панфиловпен,
Өзіңе қараушы еді зор құрметпен.
316-дивизияның құрамынан,
28 батыр шықты даңқыңменен.

...Жүргенде қанды майдан ортасында,
Оқ тиіп, жараланды арқасына.
Қадалып тұрды осколка омыртқада,
Ет қызумен білмеді арпалыста.

Жіберем енді сізді медсанбатқа,
Деді сестра: «арқадағы ауыр жара».
Қан ағып, денесінен жатса дағы,
Көргем жоқ мұндай мықты дара тұлға.

«Қолыңда барма пинцет алып таста»,
Деп бұйырды, Баукең де қатулана.
Бұйрықты орындады медсестра,
Оқ борап, снарядтар жарылса да.

Оқты алды арқадағы пинцетпенен,
Орады дәрі жағып, ақ марлымен.
Баукең де тұрды орнынан ауырсынбай,
Оқ тиіп, алысса да ата жаумен.

Баруға медсанбатқа мұрша бар ма,
Осындай қырғын соғыс жан таласта.
Саңқ етіп қыран құстай дауысы шықты,
Ұмтылды жауға қарай қаһарлана.

Айрықша қайталанбас дара тұлға,
Көрсеттің ерлігіңді басқаруда.
Мыңдаған елді мекен азат етіп,
6 рет жаудың бұздың қоршауын да.

Жуковқа кім тең келіп қалжың айтар,
Кімдердің арыстандай айбаты бар.
Дәп соның нағыз өзі батыр Баукең,
Түседі еске алғанда осындайлар.

Бейбіт күн нұрын шашып аспанымда,
Қаруды айырбастап қаламыңа.
Өсиет қып көптеген кітап жаздың,
Айналды алтындай боп мұрамызға.

Шаттанам ерлігіңе батыр аға,
Жайылды атақ-даңқың жер шарына.
Құрметтеп Фидель Кастро шақырған соң,
Арнайы барып қайттың Кубаға да.

Ел үшін аямаған қасық қанын,
Кіршіксіз таза ұстаған, атақ-даңқын.
Қадірлеп, халық әркез сақтайды еске,
Танытқан бар әлемге қазақ атын.

Өшпестей із қалдырдың ұрпағыңа,
Жайғастың мәр-мәр тастың тұғырына.
Еліңмен мәңгі бақи бірге жасап,
Ғасырлар куә болар ұрымыңа.

Қантбек АЯШЕВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Сейілхан БЕКОВ, Әскербек АБАЕВ.

Сөйлегенде бүй дейді...

ЛЕБІЗ

Еңселі басылым

Талдықорған қалалық ардагерлер ұжымы атынан облысымыздың бас газеті «Жетісуды» 100 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын. Газет ұжымының еліміздің экономикасын дамытуға, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге қосқан үлесінің мол екенін біз жақсы түсінеміз. Еңселі басылымның ел беделіне айналғаны біз үшін үлкен мәртебе. Басылым көтеріп жүрген тақырыптар көптің көңіліне қуаныш ұялатуымен құнды. Әрі елге ақжолтай хабар жеткізуімен қадірлі. Әсіресе зейнетке шыққан біз сияқты ардагерлерді қоғаммен байланыстыруда басты құралға айналып отыр. Жастардың да жүрегіне жол таба білуде. Бұл дегеніңіз ата басылымды жастардан қарияға дейін оқиды деген сөз. Сондықтан редакция ұжымына алда да толайым табыс тілейміз. Қаламдарыңыз мұқалмай, ел үшін аянбай еңбек ете беріңіздер. Бұл айтулы мерекелеріңіз ғасырдан ғасырға жалғассын!

Қалықмұрат ШАЯҚМЕТҰЛЫ,
Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

...ДЕГЕН ЕКЕН!



Өзімді өлтіретін болдыңыздар...

Бұл осыдан бір мүшел уақыт бұрын болған. Жұматай Оспанұлының театр сахнасын тастап, қызығы мен қиындығы қатар жүретін журналистика әлеміне алғаш қадам басқан кезі. Қаламының қарымын көрсеткісі келген Жұматай он шақты беттен тұратын көлемді мақаласын алып, сол кездегі жауапты хатшы Нүсіпбай Әбдірахымға әкеліп: «Аға, мына мақаланы осы сенбіге жоспарлаңызшы», – дейді. Ешкімнің көңілін қалдырмайтын Нүсіпбай ағасы да мақаланың тақырыбы мен айдарына қарап-ақ: «Болды. Мұндай мақаланы бірден саламыз», – деп елп ете қалады. Бұл аптаның ортасы болатын. Газет сенбі күні шығады. Ортада жексенбі бар. Дүйсенбіні асыға күтіп, әрең жеткен Жұматай аптаның бірінші күні жұмысқа елден бұрын келіп, газетті қолына алып, алғашқы ресми хабарлар мен саяси жиындарға арналған үш бетті сыдырта өтіп, төртінші беттен бастап өзінің мақаласын іздей бастайды. Алғашқы мақаласын оқитындықтан ба, көңілі толқып, жүрегі тулап, парақтаған күйде он екінші бетке барып бір-ақ тоқтайды. Көзі көріп тұрса да, көңілі сенбей қайта ақтарып шығады. Жоқ. Өреспіген көңілі басылып жауапты хатшының бөлмесіне келіп: «Нүсіп аға, менің мақаламды салмапсыз ғой», – дейді. Ондайдың талайын көрген Нүсіп ағасы тұк болмағандай: «Сенікі өлмейтұғын мақала ғой, Жұматай. Газет жұмысында мұндай жағдайлар болып тұрады. Осы сенбіге салып беремін», – деп алаңсыз ары қарай жұмысына кірісіп кете береді. Бір апта өтсеші. Әйтеуір, келесі дүйсенбінің де таңы атады. Жұматайдың көңілі де, әрекеті де алғашқы аптадағыдай. Сенбілік қалың нөмірді асыға парақтаған ол тағы да он екінші бетке келіп тоқтайды. Тағы жоқ. Бұл жолы кішкене көңілі түсіп, қабағы салыңқы қалпы: «Нүсіп аға, бұл аптада да жоқ қой», – дейді. Бұл жолы басын көтеріп, Жұматайға газеттің жұмысын түсіндіре келе: «Айттым ғой, сенікі «өлмейтұғын мақала» деп. Бұл қоғамдық-саяси газет болғандықтан шұғыл шығатын материалдар келгенде амалсыздан өлмейтұғын мақалаларды алып тастаймыз. Сен ренжіме. Міне, осы аптада шығады», – деп шығарып салады. Үшінші апта да өтеді. Дүйсенбінің таңы. Он екінші бетті жапқан Жұматай бұл жолы өкпесі бетіне шығып, жауапты хатшының бөлмесіне кіріп: «Нүсіп аға, бір ай болды ғой, бір мақаламды шығара алмағаныма», – дейді. Қорғасындай салмақты Нүсіп ағасы сол баяғы әуенімен: «Жұматай, саған айттым ғой, сенікі өлмейтұғын мақала. Түсінсеңші», – дегенді естігенде үндемей шығып кеткен Жұматай бес минуттан кейін қолындағы бір жапырақ қағазын Нүсіп ағасының алдына қоя салады. Оны оқыған Нүсіп ағасы орнынан атып тұрып: «Ой, айналайын, сен ренжімеші. Жаңадан келді деп елемей тұрған жоқпын. Жағдай солай болып қалып жатыр. Осы сенбі міндетті түрде шығады», – деп арқасынан қағыпты. Сондағы жапырақтай қағаздағы бір шумақ өлеңде Жұматай:

Газетте бәріңіздің
орыныңыз бар,
Мен емес, жөнді білмей
жолды бұзар.
«Сенікі өлмейтұғын
мақала» деп,
Өзімді өлтіретін
болдыңыздар,

– деген екен.

Қашаннан сөз қадірін білетін Нүсіп ағасы осы шумақтан кейін алғашқы мақаласын сол сенбіден қалдырмай шығарып беріпті. Қазіргі таңда әзілі де, әңгімесі де жарасқан аға мен іні «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әріннің қос орынбасары.



ШЕЖІРЕ-КЕРУЕН

- ✓ «Жетісу» газетінің бірінші саны «Жетісу ісші халық мұхбірі» («Жетісу жұмысшыларының хабаршысы») деген атпен 1918 жылдың 21 маусымында шықты.
- ✓ 1918 жылдың 12 желтоқсанынан бастап газет «Көмек» деп аталды.
- ✓ 1920 жылдың 4 қаңтарынан газет «Ұшқын» деген атпен тарады.
- ✓ Басылым жыл толмай тағы да атауын ауыстырып, ендігі жерде «Бұқара» атауымен басылады.
- ✓ Газет атауы кейін «Кедей еркі» деп өзгертіледі.
- ✓ 1922 жылдың 18 тамызынан бастап газет оқырманға «Тілші» деген атпен жол тартады.
- ✓ 1935 жылдан бастап Жетісу өлкесінің жаршысы «Сталин жолы» деген атпен шығады.
- ✓ Тың игеру ісі басталғанда «Сталин жолы» газетінің аты тағы да өзгеріп, «Коммунизм таңы» деген жаңа атауға ие болады.
- ✓ 1963 жылдың сәуір айынан бастап «Коммунизм таңы» атауы тарих қоржынына түсіп, газет «Жетісу» деген бүгінгі атына көшеді.

Амандық Ғаббасұлы Баталов Журналистер Академиясының «Алтын жұлдызын» табыстауда

Қазақ руханиятының шырақшысы Серік Әбікенұлымен әңгімелесудің өзі бір әлем



...ДЕГЕН ЕКЕН!

АҚЫН АРМАНЫ

***

Сексенінші жылдардың бірінде қуаңшылық болып, жоғарғы басшылардың құзырымен Талдықорған қаласының тұрғындары жаппай мал азығын дайындауға жұмылдырылады. Облыстық газеттің бір топ журналисі де Тентек өзенінің жағалауында ағаш бұтақтарын дайындап жатады. Бір мезгілде зәулім бәйтеректің ортан белінен жоғары өрмелеп шығып, жуан бұтаққа жайғасқан Әбен Дәуренбеков: «Қайжан (зайыбы) мені ылғи: «Қорқақсың, қолыңнан жазғаннан басқа түк келмейді» деп кекетуші еді, шіркін-ай, қазір көрсе ғой!» – деп армандаған екен.

ТОҚАҢДЫ ТОҚТАТУ

***

Бұрынғы Талдықорған облыстық «Октябрь туы» және «Заря коммунизма» газеттері мен облыстық радиокомитетінің бір топ журналистері Киров ауданы малшыларының жиынынан оралып келе жатып жол-жөнекей «собраз» жасаса, Тоқтасын Сүгірбековтің қалтасы «тесік» болып шығады. Қалғандары ұжымдасып, аларын алғаннан кейін Тентек өзенінің жағасына машинаны қаңтарып қойып, «сусындауға» кіріседі. Алғашқы толтырылған стаканға іштеріндегі жасы үлкені Тоқаң қол соза бергенде «Октябрь туының» фототілшісі Сейітжан Ысқақов:

– Тоқа, тоқта! Арақты алдымен ақша қосқандар ішеді, – депті әзілдеп.



ҚАДАМ

3

Апа, қашан барамыз Астанаға?!

Апа, білсең ол жақта аура басқа,
Тап мұндайда болмайды таңғалмасқа.
Түн моншағын шашқанда аспан жерге,
Түк шығады деседі тауға, тасқа.
Бұзау қуып шаршадым бос далада,
Апа, қашан барамыз Астанаға?!

Мұнаралар ертегі пішіндегі,
Мұң атауын мүжиді кісідегі.
Ішім сезіп тұрғаны, сол жақта жүр
Сол баяғы үр қызы түсімдегі.
Қой баласы өрістен дос таба ма,
Апа, қашан барамыз Астанаға?!

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Жұматай қағанатының» нояны

4

барамыз Астанаға» деп жүріп, еңселі Елорданы көруге мүмкіндік туды. Мұның бәрі «Жетісу» газетіне келген сәттен басталған оқиғалар. Алдағы уақытта бұдан да биік межелерді бағындыруға бағыт беретініне күмән келтірмеймін. Қиындықпен келген дүниенің қиқымы да тәтті көрінбей ме? Еңбекпен тапқан несібем үнемі уысымды жылытып тұрады. Әр айлығымды алғанда алдымен ата-анамның керегіне жұмсаймын. Бұл да болса «Жетісуымның» көрсеткен өнегесінің бір парасы.

Мына өлең маған құтты қадам сыйлап, жұмысқа кірген күні топ жарып, бас жүлдені қанжығама байлады. Сол үшін бе, осы шағын өлең де маған сонша лықты ыстық. Осы орайда сол құтты туындымнан үзінді назарларыңызға ұсынсам. Жалғасын әлеуметтік парақшамнан оқи аласыздар.



ТОЛҚЫНДЫ ТОЛҚЫН ҚУАЛАП...

«ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫ»

Бұл қазақ поэзиясындағы әлем. Ал осы үрдістің ата басылым «Жетісу» газетінде жалғасын тауып келе жатқанын көп оқырман біле бермейтіні анық. Яғни, «Жетісудың» ішінде де «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫ» бар. Бұл қағанат қалай қайта жаңғырды?

Осыдан үш жылдың ар жағында басылымға бірнеше жас бірінен кейін бірі қабылданып, тоқсанды тамамдап, жүзге табан тіреп қалған газетке жаңа леп келді. Бүгінгі басшымыз Әміре Әрін ағамыз да осы тұста бас редактордың тізгінін қолына алған сәт болатын. Газетте еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагер журналистерді ардақ тұтып, иықтарына шапан жауып, алғыс айтып, құрметті демалысқа шығарып салғанда тағы үш-төрт орын босаған кез. Аға буынның жолын жас толқынмен жалғастырған Әміре Әрінұлы сол орынға «сен тұр, мен атайын» деген сайдың тасындай, жарқылдаған жасындай жастарды қабылдады. Бұл түсінген адамға жастарға деген үлкен қамқорлық еді. Сол ағалық пейілін ары қарай жалғастырған бас редактор кезекті лездемеде *(аптасына бір рет өтетін газетке шолу жиыны)* орынбасары Жұматай Оспанұлына: *«Жұматай, қазақ поэзиясында Жұматай Жақыпбаев деген ағаң өткенін білесің. Өзіміздің жерлесіміз, мына іргеміздегі Жетісу ауылының тумасы. Талдықорған жеке облыс болып тұрған кезінде «Жеруйық» деген газет болған. Сол газетте қарымды журналист, жалынды ақын Жұматай ағаң еңбек еткен. Кейін Алматыға кетіп, әдеби ортаға еркін еніп, қанатын кеңге сермеген кезде «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫН» құрған. Сол қағанатта өзінің замандастары, соңынан ерген іні-қарындастары маздаған жыр ошағын алаулатып, поэзия әлеміне ерекше жаңалық енгізген еді. Бүгінгі Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Несіпбек Айтұлының өзі: «Айналайын, Жұмеке, қағанатыңа мені де қабылдашы. Нояның болмасам да, қоянның болайын», – деген сөз содан қалған. Сол үрдісті қайта жандандырайық. Поэзиядағы «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫН» журналистикаға ендірейік. Сенің де атың Жұматай. Мына өрімдей жастарға өзің жетекшілік жасап, қара шаңырақ «Жетісудың» ішінен журналистикадағы «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫН» құр. Сөйтіп, соңына өлмес өлең қалдырған Жұматай ағаңның атын қайта жаңғырт, одан сен де жаман болмайсың»* , – деп ағалық тілегін айтып, батасын берді. Сол күннен бастап журналистика саласында «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫ» құрылды. Қағанат тек журналистік саланы ғана қамтымай, ЖҰМАҒҰЛ-ШОРА – ЖҰМАТАЙДАН қалған жыр аманатты да орындап келеді.

Жыр қағаны Жұматайдың, мұзарт шыңның мұзбалағы Мұқағалидың, сағынышқа айналып, сағымдар арасына сіңіп кеткен Төлегеннің, есіл жалғаннан еркелеп өткен Есенқұлдың туған күндерін атаусыз қалдырған емес. Алдағы уақытта жырлары тұма бұлақтай Тұманбайдың, Аспантаудың асқақ перзенті Еркіннің, тағы басқа қара өлеңнің ауылындағы ақындар өлеңі «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫНДА» оқырманға жол тартатын болады. Сонымен бірге «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін мен орынбасары Нүсіпбай Әбдірахымның да 60 жылдық мерейтойының шырайын келтіріп, жырларын оқып, мәртебелі поэзияға құрмет көрсеткен. Суретте көріп отырғандарыңыздай, қағанаттағы екі қызымыз отау құрған. Қос ананың қолындағы қос қызғалдақ қағанаттың қатарын көбейтуде. Осылайша журналистикадағы «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫ» тарихта Жұматай атанып кеткен ЖҰМАҒҰЛ-ШОРАНЫҢ есімін қайта жаңғыртып келеді.

Қазақ поэзиясында махаббат тақырыбын бір ғана Ләйлә сұлуға арнап, жауһар жырын жүректерге қондырған Жұматай Жақыпбаевтың орны ерекше. Жұматай ақын сол тұста жанына жалын жүрек, жас кеуде, от ауыз, орақ тілді ақындардың басын қосып, «ЖҰМАТАЙДЫҢ ҚАҒАНАТЫН» құрғанын әдебиет әлемі әлі де ұмыта қойған жоқ. Мейірхан Ақдәулет пен Әбубәкір Қайран қағанның ілхамы (орынбасары) атанып, марқұм Жақыпбектің Есенқұлы, қазіргі таңда облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым мен қыздардың ішінде топ жарып, осы қатардан орын алған Мемлекеттік сыйлықтың иегері Гүлнар Салықбай бар қағанатта аңызға бергісіз жыр-дәуреннің өткені анық.

100 жыл
Жетісу
№69–70 (18490), 26 маусым, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

Суреттер сөйлейді



Елбасы елге келгенде

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықованың қолынан Елбасы Алғысын алған сәт



БІРТҮЙЕР

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді.
Ахмет Байтұрсынұлы

***

Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор.
Міржақып Дулатұлы

***

Журналистің арқалағаны – алтын, жегені – жантақ
Шерхан Мұртаза



Ғайыс ЕГЕМБЕРДИЕВ, соғыс және еңбек ардагері, Мемлекеттік дәрежедегі дербес зейнеткер, Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі:



ҰЛТТЫҢ ҰЯТЫН ҚАМШЫЛАП КЕЛЕДІ

ЖҮРЕК СӨЗІ

– Газеттің 100 жылдығы үлкен қуаныш. Басылым – қоғамның айнасы. Қоғамда болып жатқан құбылыстарды өз дәрежесінде, әрбір адамның санасына сай жеткізу оңай шаруа емес. Газеттің атқаратын жұмысы өте құрметті, бағалы. «Жетісу» газетінің қызметкерлері осындай талаптың биігінен көрініп келеді. Жүз жасқа келген ата басылым халықтың құрметіне, бағасына ие. «Жетісу» тәжірибесі мол, адами құндылықты әспеттеп, үзіліссіз жариялап отырады. Газет – тәрбие құралы. Жеке адамдарды жазу арқылы қоғамды тәрбиелейді. Ата басылымдағы «Еңбек адамы», «Күнгей мен көлеңке» деген айдармен жазылған мақалалар тізбегін оқығанда ойыма орыс жазушысы Иван Крыловтың «Айна мен маймыл» деген мысалы келеді. Онда былай дейді:

Айнаның қарсы алдына
маймыл барып,
Айнада өз суретін
көре салып.
Аюға жанындағы
күліп айтты,
Ақырын аяғымен
түртіп қалып:
«Бері қара!
Бұ кім, өзі мынау перің?
Білмеймін, қайдан
шыққан мұндай көрім?
Он екі мүшесінің
бірі оңды емес,
Көз салып қарап тұрсам
әрбір жерін.
Мен бұған титтей ғана
ұқсас болсам,
Ішіме пышақ салып
өлер едім, – дейді.

Газет те айна сияқты. Кейіпкерлері арқылы басқаға ой салады. Адам өз бойындағы жақсы немесе жаман қасиеттерді байқамауы мүмкін. Мақаланы оқи отырып, мінез-құлқындағы артықшылығы мен кемшілігін көреді. Қараңғыны көрмеген адам жарықтың да қадірін білмейді. Мақаланы жазғанда мәселенің күнгейімен қатар көлеңкесін де айтқан дұрыс. Жарық болған жерде көлеңке де болады. Қандай сәулелі шаруаның да көлеңкесі бар. Біздің кезімізде өзара сын деген болатын. Бұл өте ұтымды қағида еді. Кез келген мекеме социалистік жарысқа түседі. Маман немесе жеке адам өзінің беталысын әріптесіне қарап бағамдайды. Соған қарап өзін қамшылайды. Соңғы жылдары «Жетісу» газеті «Ұлттың ұяты» деген тақырып көтерді. Соны үзбей оқып отырамын. Жазылуы ғажап! Жақында бір беделді адам: «Ұят деген сөзді айтуға ұялатын болдым. Өйткені, қоғамда ұят қалмады» деген еді. Шындығында қоғамда «ұят болады» деген сөз мүлде айтылмайды. Бұрын: «Балам, ұят болады, олай істеме» деп айтып отыратынбыз. «Намыс, обал, сауап» деген түсінік азайып барады. «Ұлттың ұятында» еліміздің абыройын асқақтатып жүрген қыз-жігіттермен қатар кейбіреулердің намысқа тиетін қылықтары да жазылып жүр. Сол жағдайды оқып отырып риза боламын. «Жетісудың» беделі көптің арасында жоғары. Солай болуы керек. Газет – жастарды тәрбиелеуге үлкен үлес қосып келеді. Соған қуанамын. Жүзжылдық деген шаттанатын сәт. Ғасыр тойын тойлап отырған басылым, онда жұмыс істейтін журналистердің беделі арта берсін. Ұл-қыздарды тәрбиелейтін, ұлтымызға бағыт беріп отыратын мақалалар көп болсын!



...ДЕГЕН ЕКЕН!

ДЕМАЛЫП ЖАТҚАН БҰҚА

Журналист Жанат Дүкенбаевтың Қапалдың аудандық газетінде білдей редактор кезі. Бір күні аупарткомның идеология хатшысы оны суыт шақыртады.

Кабинетке кірген Жәкеңе хатшы әйел сұстанып тұрып:

– Мынау не? – дейді газетті нұсқап.

– Бұл өзіміздің аудандық газет қой, – деген редактор өздері «асыл тұқымды, етті бұқа» деп дабырайтқан суреттің төңкеріліп берілгенін көріп қалады. Байғұс жануардың төрт аяғы көктен келіп жатыр.

– Газет екенін мен де білемін, мына суретке не болған деп тұрмын? – дейді аупартком хатшысы зығырданы қайнап.

– Ә, бұл демалып жатқан бұқа ғой, – депті хатшының зіркілдегеніне абыржи қоймаған Жәкең.

ЖАРА МЕН ҰШЫҚ

Облыстық радионың тілшісі, журналист Тоқтасын Сүгірбеков егін орағынан репортаж дайындау үшін жүк машинасының кабинасында егін алқабына беттеп келе жатады. Тоқаңның ерніне ұшық шыққан екен, сол аңызақ ыстықпен тырысып болмаған соң әлсін-әлсін саусағымен сипап, мазасыздана беріпті. Күн көтерілген сайын кабинаның іші де қапырық болып ысып кетеді. Әлден уақытта шофер жолсерігіне жүзін бұрып, басын шайқап:

– Ох, какая жара! – дейді.

«Жара» деп ерніндегі ұшықты айтып отыр екен деп түсінген орысшаға олақтау Тоқаң:

– Нет, это не жара, это ұшық, – депті.



100 жасаған «Жетісудың» қазіргі ұжымы

БІРАУЫЗ СӨЗ

1

Данышпан ойлар санамызда құмға құйылған бидайдай шытырлайды. Біреуіне ерік берейін десең, екіншісі көлденең шығатындай. Содан шығар, адам өмірінің жарқын сәттері бір-бірімен тығыз байланыста болатыны. Сол шуақты мезгілдердің жаршысы «Жетісу» газеті тәтті күндердің шамшырағындай. Одан тараған мөлдір жылуға бой тасаласаң денең балқып, танымың тереңдей түседі. Әсілі, балапанға беріш қанат бітсе, баба жолын жалғауды басты назарға алмай ма? Біздің де көздеген мақсат осы. Сөз құдіретінің сіленіне түсіп, жүріп келеміз. Әлқисса. Студент кезімде бас редакторымыз Әміре Әрін «Мұхтаржан, дипломың қызыл, іске әзір болғанда кел» деп ақылын ақтарып, дем беріп кеткен-ді. Содан бері ұйқы жоқ. Айтқан сөзінің астарына үңілдім де, алысқа шабуға бел байладым. Қайткен күнде де үдеден шығу керек. Сол кісідей сөзге бұлақ, ойға сүлей болам деген ниетте арманымды қамшылай бердім. Не керек, төрт жыл да таудан түскен тамшыдай зымырап өтті де кетті. Оқу бітіре салысымен қолыма нарттай қатты қағазды алдым да «Жетісу» газетіне тарттым. Уәде – ердің опасы. Бірден жұмысқа қабылдандым. Ә дегеннен ортаға сіңісіп кету жас маманға оңайға соқпайтыны кәдік. Десе де айналамдағы ақеділ әріптестерім бауырына басып, қанатымды

ҚҰТТЫ

2

Бұлқынса бұлтқа жететіндей балдәурен шақтың базарын аралап жүрген баланың басына қонған бақ шығар. Бұл үйдегі ата-анамның айтқаны. Иә, дулы дүниенің дидарына нұр тұнса жанарыңда жақұт ойнап, көңіліңнің көмбесінен гауһар тас төгілгендей күй кешесің. Бұл бір сәттік қуаныштың лебіндей көрінуі мүмкін. Әйткенмен ғұмырыңа татитын бақыттың баспалдағына табан тірегеніңді сезсейші. Бәлкім, бәзбіреуге әшейін әлеміш бояудай елестер. Алайда менің үрейімді кісендеп, үмітімді үдеткен осы үлкен шаңырақ еді.

еркін қомдауға кеңістік сыйлады. Жазудың қыр-сырын үйретіп, барынша жанашырлық танытты. Тұңғыш мақалам өзім қатысқан жыр мүшәйрасынан басталғаны соның айқын дәлелі. Іштей қобалжу басым болса да артқа шегінерге жол жоқ. Қалай да топ жару қажет. Өлеңге икемі бар жігіттің жүйріктігі сыналар тұс осы болуы да ықтимал. Ағаларым арқамнан қағып, ақ батасын берген-

ҚОС ШЫНАР



ГАЗЕТТІҢ ЖҮЗЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫНА ҮҢІЛСЕҢІЗ, ӨМІРЛІК ҚОСАҒЫН РЕДАКЦИЯДАН ТАУЫП, АТАДАН ҚАЛҒАН ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАП, ҮЛГІЛІ ШАҢЫРАҚ ҚҰРЫП, ОТБАСЫЛЫҚ СЫЙЛАСТЫҚ ПЕН ІЗЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРА БІЛГЕН, АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРҒА ДА ШУАҒЫН ТӨККЕН ЖАНДАР БАРШЫЛЫҚ. СОНДАЙ ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫЛАР ҚАТАРЫНДА КЕЗІНДЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСТЫҚ «СТАЛИНШІЛ» ГАЗЕТІ БАС РЕДАКТОРЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРҒАН ЕЛЖАС БЕЙСЕНБЕК ПЕН КОРРЕКТОРЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕГЕН САРА КӘДЕНҚЫЗЫН ДАРАЛАП АЙТУҒА БОЛАДЫ.

Тағдырларды тоғыстырған *басылым*

Алма ЕСЕНБАЕВА,
“Жетісу”

Елжас ағаға бала жастан газет жұмысы таңсық емес еді. Өйткені, арабшаға да, латыншаға да сауатты анасы Перзана Исаева осы облыстық «Социалистік жол» газетінде хат, газет тасушы болып еңбек етеді. 4-сыныптан бастап анасының орнына жұмысқа араласқан Елжас аға да газетті бала көңілімен бақылап жүреді. Оның басқа мамандықты таңдамай, дәл осы журналистік жолға қадам басуына бала кезден жүрегінде жатталып, өзіне етене ыстық болып қалған осы көріністер себеп болса керек.

Ал Сара апамыз жастайынан ән-жырға құмар болып өсті. Әкесі өнер жолын қууына қарсы болғандықтан одан кейінгі жанына жақын газет жұмысынан медет іздеп, рухани ортаға келіп қосылды.

– 1956 жылдың қазан айында Талдықорған облыстық газетіне жұмысқа қабылдандым. Ол кезде газет «Сталиншіл» деп аталатын, бас редактор Хабир ағай деген кісі болатын, – деп еске алады ол күндерді Сара апай. – Таңды-таңға ұрып, күнді-күнге созып, еңбек етуші едік. Түнімен газеттің қатесін түзетумен жүреміз. Кейде жарық сөніп қалады. Онда тіпті қиын. Таңға дейін жүріп, бетті тазалап болған соң кезекші редактор қол қояды. Содан соң басуға баспаханаға тапсырамыз. Біздерге, корректор көмекшілеріне (подчитчик) гранка оқытады. Соны тексереміз, қатесін түзетеміз. Содан соң ғана беттейді. Кеңестік саясат қиын болатын. Цензура дегеніңіздің қылышынан қан тамып тұрған кезі. Бір сөзден қате жіберсең, басыңмен жауап бересің. Қате кетіп қалмасын деп жүз оқып, мың тексеріп, газетті шығарамыз.

Мен жұмысқа келгенде редакцияда сүрбойдақтар көп екен. Жаңа келген қыздарды шетінен қағып, өкетіп жатты. 1957 жылдың ақпан айында кезек маған да келді. Сөйтіп Елекең екеуміз шаңырақ көтердік, – деді.

Ол кезде Елжас аға партия тұрмысы бөлімінің әдеби қызметкері болды. Жазда жайлауға, қыста қыстауға барып мал шаруашылығы, қант қызылшасы, бидай өнімі, егін шаруашылығы жайында мақалалар жазды.

1959 жылы облыс орталығы Алматыға ауысып, облыстық газеттің жабылуына орай Елжас аға мен Сара апа Жаркенттегі «Жаңалық жаршысы» газетіне жіберіледі. Онда Елжас аға жауапты хатшы, кейіннен редактордың орынбасары, бас редакторлық қызметтер атқарды. Өнерге біртабан жақын Сара апа корректорлық жұмыспен қатар кешке қарай аудандық радиода хабар жүргізіп, балаларға хор үйретіп, эфирден беріп жүреді.

Басылымнан бақытын тапқан жарасымды жұп 1973 жылы Талдықорған облысы қайта құрылғанда облыстық газетке қызметке шақырылады. Ол кезде басылым Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газеті деп аталады. Елжас ағадан бес бала сүйіп, өсіріп, өрбіткен Сара Кәденқызы бүгінде немере-шөберелерінің бар қылығын тамашалап, «Ардагер әжелер» анасамблінде ұлттық ән-жырымызды, салт-дәстүрімізді насихаттап жүрген ұлағатты әже.

P.S **Міне, осылайша басылымда отбасымен қызмет етіп, сыйластық пен ізеттіліктің үлгісін көрсеткен жандар қатарында қарымды қаламгерлер Қастек Баянбаев пен Гүлшат Баянбаева, Серік Жортанов пен терімші Қарлығаш Жортанова, Рахметәлі Асылбеков пен Айгүл Асылбекова, бүгінде газетіміздің бас редакторының орынбасары болып еңбек ететін Жұматай Әміреев пен корректор Лаура Арыстанбек, редакцияның бөлім меңгерушісі Қуаныш Түнғатар мен тілші Меруерт Молдағалиева, корректор Ақтоты Жолдасбаева мен жүргізуші Дәурен Нұрмұханбетовты атап айтсақ болады. «Жетісудағы» осы ізгі жол жалғаса береріне сенім мол.**

ҒИМАРАТ ҒИБРАТЫ

КӨШЕ: бүгін *және* КЕШЕ



Тетігі табылса жердің өзін орнынан қозғап жіберуді міне тұтпаған адам баласының шамасы келмейтін құбылыстар болады екен. Соның бірі – құдіретті уақыт десек қателесе қоймаймыз. Оның ағысын тоқтату Жаратушының ғана құзырындағы шаруа. Міне, сонау XX ғасырдың басында алғашқы саны жарық көрген «Жетісу» газеті де уақыт ағымына ілесіп, 100 жасқа келіп отыр. Бұл мақаламызда біз басылымның Алматы қаласында орналасқан ғимараттарын анықтап, оның кешегісі мен бүгініне көз жүгіртуге талпынып баққан едік.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
“Жетісу”

Ұлы мәртебелі уақыттың тезіне төтеп бере алмай жұқарып, сарғыш тартқан газет тігінділерінен оның мекенжайын анықтаудың өзі әжептәуір әбігерге салғанын жасырып қайтеміз. Әріптерінің бірі оқылса, бірі өше бастаған. Осылайша алғашқы саны 1918 жылдың 21 маусымында жарық көрген «Жетісу ісші халық мұхбірі» газетінің мекенжайын анықтауға мүмкіндік болмады. Ал 1919 жылдың желтоқсан айында «Ұшқын» деген жаңа атпен шыға бастаған өлкелік газет Красноармейская мен Сайдоненко көшесінің қиылысында орналасты деген деректі тапқан едік. Ол кезде қаланың атауы «Верный» болғанын ескерсек, көшені табу қаншалықты күрделі болғаны айтпаса да түсінікті. Қаланың атауы 1921 жылдың 14 наурызында Түркістан Республикасы Орталық атқару комитеті жергілікті органдарының ұсынысы бойынша жердің тарихи атауымен алмастырылып, «Алматы» деп атала бастағанын айта кетуді жөн санадық. Сонымен, алғашында Казарменная деп аталып, Кеңес өкіметі Красноармейская деп өзгерткен көше сонау патшалы Ресейдің орта Азиядағы сенімді тірегі болған Верный қаласындағы Октябрь ауданына қарасты теміржол вокзалының тұсында орналасқанын білдік. Ол бүгіндері Мәсімхан Бейсебаев атымен аталады екен. Ал онымен қиылысатын Сайдоненко деген көше туралы Алматы қаласының архивінде ежелден еңбек ететін жандардың өздері де естімеген болып шықты. «Сол кезеңдерде бүгінгідей көше деген ұғым болмағандықтан кейбір үйлер сонда тұратын адамдардың тегімен (фамилиясымен) атала беруші еді. Бәлкім, «Сайдоненко» деген сондай отбасының тегі шығар...» – десті олар. Осылайша «Ұшқынның» мекенжайын анықтаудың мүмкіндігі болмады.

Бұдан кейін атауы өзгертілген «Бұқара» мен «Кедей еркі» газеттерінің редакциялары Карл Маркс пен Гоголевская көшелерінің қиылысында орналасты деген деректер анықталды. Бұл мекенжайды табу қиынға соға қойған жоқ. Себебі, Карл Маркс көшесі күні кешегі дейін ғұмыр кешсе, бұрындары – Штабная деп аталып, кейіннен Гоголевская, ақыр соңында Гоголь көшесі деп аталғанын өзіміз де білуші едік. Осылайша, Гоголь мен қазіргі Дінмұхамед Қонаев атындағы көшенің қиылысына жеделдете жеткенбіз. Алайда, көпқабатты тұрғын үйлердің арасынан осы бір кездері газет редакциясы болар-ау деген ғимаратты кездестіре алмай, тауымыз тасқа соғылды. Бәсе, қарыштап дамыған қалада өткен ғасырдың басындағы ағаш үйлер қайтіп сақталсын деп өзімізді жұбатқан болдық.

1922 жылдың тамыз айында «Тілші» деген жаңа атпен жарық көрген газет Капальский тракт пен Торговая көшелерінде орналасқан деп жазған екен. Осы Капальский тракт кейіннен Красногвардейская болып, тәуелсіздік жылдары сөз сүлейі Сүйінбай бабамыздың аты берілгенін анықтау қиынға соға қойған жоқ. Ал Торговая бүгінгі – Жібек жолы көшесі екенін архив қызметкерлері көрсетіп берді. Енді ғимарат мәселесіне келер болсақ, алғашқыдағы жағдай мұнда да қайталанған.

«Сталин жолы» газеті 1935 жылдан шыға бастаса, «Коммунизм таңы» 1954 жылдың ақпанынан жарық көргені белгілі. Бұл басылымдар бүгінгі Абай көшесіндегі 52-үйде орналасқан екен. 1955 жылы Алматы қалалық атқару комитетінің № 8 шешіміне сәйкес бұл көшеге данышпан Абай Құнанбайұлының есімі берілгенін тарихтан білеміз. Аталған мекенжайды дем арада тауып алғанбыз. Алматының ең даңқты даңғылы саналатын көшенің бойындағы ғимараттардың сәні мен салтанаты артып тұрғаны тағы аян. Төбесінде атынан тіл күрмелетін ағылшынша атауы бар көпқабатты ғимараттың ішінде сандаған мекемелер орналасқан болып шықты. Біздің газеттер дәл осында жұмыс жасады ма, жоқ әлде кейіннен салынған үй ме деген сауалды әйнегі жарқыраған заманауи ғимарат өз-өзінен алып тастаған. «Еее...» дедік те әрі қарай жылжыдық.

Бүгіндері бір ғасырлық ғұмырын тойлап отырған басылымның «Жетісу» атауы 1963 жылдың маусым айында жария болды. Бұл газеттің редакциясы қазіргі Жібек жолы көшесіндегі 50-үйде, Республикалық газет-журнал баспасына тиесілі ғимаратта орналасқан болатын. Алматының атақты «Көкбазарының» қарсысынан орын тепкен Журналистер үйі жайлы аңызға бергісіз әңгімелер әлі айтылады. Шабыты қысса шарықтап кететін қаламгер қауымға тән талай оқиғалар осы жерде болғаны да мәлім. Зәулім ғимараттың алтыншы қабатын мекендеген «жетісулықтар» газеттің қара қазанын осы жерде бірге қайнатып, ұлт мүддесі жолындағы күрескерлік еңбектерін жалғастырған.

Осыдан кейін газет редакциясы Абылай хан даңғылы мен Қазыбек би көшесінің қиылысындағы облыстық партия комитетіне арналып салынған ғимаратқа көшіріліп, сонда біраз тұрақтады. Кейіннен ол төтенше жағдайлар комитетінің меншігіне өтіп, қазір Қазақстан тұрғын-үй құрылыс жинақ банкісінің мекеніне айналған. Облыс орталығы Талдықорған қаласына көшер қарсаңында «Жетісу» газетінің ұжымы қазіргі Алматы облысы әкімінің өкілдігі орналасқан желтоқсан көшесі, 112-үйде біраз тұрақтады. Тіршілігі күндіз-түні бір толастамайтын алып мегаполистің дәл ортасында тұрған бұл ғимарат біз үшін әлі де ыстық, әлі де аяулы.

Енді Талдықорғанға көшіп барған «Жетісу» газетінің ұжымы талды қаланың тамаша бір аймағы – демалыс саябағының қарсаңындағы Қабанбай батыр көшесі, 32-үйге қоныстанғанын жұртшылық жақсы біледі. Ол таршылық жасағаннан кейін облыс әкімі Амандық Баталовтың мұрындық болуымен салынған Журналистер үйі – гүлденген Талдықорғанның көрікті бір ғимараты барша басылымдардың құтты мекеніне айналып отыр.

Алматы – Талдықорған

Айтары айшықты басылым

ЖҮРЕК СӨЗІ

Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ
Алматы облысының Құрметті азаматы:

«Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дегендей, «Жетісу» газетінің елге қызмет етіп, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі орасан. Өз оқырманын толағай туындылармен жігерлендіріп, рухын асқақтатып келе жатқанына жүз жыл толып отыр.

Оның бетінде жарияланып, мыңдаған оқырманға жеткен мақала, очерк, өлеңдерді Абыздың жазған хатымен, жүзге келген қарияның берген ақ батасымен теңестіремін. Абыз – қасиет пен ілімді қоса меңгерген адам. «Жетісу» газетінде жұмыс істеген журналистер шетінен осындай жандар. Талабы таудай журналистердің білімділігінен болар қоғамдағы оңды өзгерістер, тың бастамалар, озық технология, сындарлы саясат жайында жарық көрген терең мағыналы туындылар талғамы жоғары оқырманын қызықтырып отырады.

Әр жылдары мәртебелі «Жетісу» газетін басқарған Баймолда Мұса, Жақыпжан Нұрғожаев сынды комсомол мектебінің түлектері бауырларым, «Жерұйық» газетінің беделін көтерген Ғайыс Егембердиев, Тұрсын Әбдуәлиев сынды батыр ағаларымыздың қажырлы еңбегін мен тұрақты оқырман жоғары бағалайды. Қатепті қара нарға теңелген осынау бас редакторлардың сара жолын жалғастырып келе жатқан Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, талантты ақын, қарымды қаламгер Әміре Әрінді, оның сенімді серіктерін, адал әріптестерін, найза орнына қалам ұстаған жасампаз сарбаздарын жүзжылдық мерекемен құттықтаймын! Бүгінгі таңда мақсаты ортақ, мүддесі бір «жетісулық» журналистер мен жалпы «жетісулықтардың» рухани жаңғыру жолындағы ұстанымы, қарекеті бір арнадан табылып отырғаны саясат айдынындағы үлкен жетістік. Қаламгер өресі, шалқар шабытынан туған әрбір туынды оқырманын қанаттандырып, жұдырықтай жұмылдыруы арқылы ерлігімізді де, ірілігімізді де көрсетіп келеді. Лайлым, осы қарекет ұзағынан болғай!

Ақиқаттың айнасы

Шәмшә БЕРКІМБАЕВА,
қоғам қайраткері, профессор:

– Табиғаты ерекше көркем жер жаннаты Жетісудың үнпарағына айналған ата басылым – «Жетісу» газетінің 100 жылдық мерейтойымен көзіқарақты барша оқырманды құттықтаймын!

Шежірелі тарихында талай дәуірді бастан өткеріп, қоғаммен тең жасасып келе жатқан басылымның басты ұстанымы – ақиқаттың ауылынан алыстамай, ұлтқа қызмет ету еді. Бұқара мен биліктің арасына алтын көпір болумен қатар ойлы оқырманның үніне құлақ түріп, сан алуан пікірлер тоғысына айналған басылымның ғасырлық ғұмырында талай биікті бағындырып, қазақ баспасөзінің кемелденуі мен көркеюіне айрықша үлес қосқаны хақ. Газеттің айғақты жылдарынан бастап қоғамдық маңызы зор мәселелерге назар аударып, ел өміріне, тұрмыс-тіршілігіне қатысты салмақты да салиқалы мақалалардың жарыққа шыққандығын жақсы білеміз. Соның нәтижесінде қарағайдай қалың оқырманының жүрегінен жылы орын алып, жата-жастана оқитын белделі басылымдардың біріне айналды. Әсіресе, көнекөз оқырманның үзбей жазылып, ізден жүріп оқитын ата басылымы болғаны анық.

Ел Тәуелсіздігін алғалы бері де облыстық газеттер арасында оқ бойы озық тұратын «Жетісудың» қаламы қарымды журналистері мемлекеттік саясат пен Елбасының стратегиялық маңызды бағдарламаларын насихаттауға барынша атсалысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айшықты көрсетуден танбай келеді. Бала күннен жанымызға жақын бұл басылымның жолын асыға күтіп, асықпай парақтап оқуды әдетке айналдырғанымызға да жарты ғасырдан асып барады. Әр санында жарқырай жарыққа шыққан мазмұнға бай мақалаларды оқыған сайын рухани қуаттанып әрі десе қанаттанып қаламыз. Сол себепті, 100 жылдық мерейтойға тың жігер, соны леппен келген «Жетісу» газетінің ұжымына шығармашылық табыс, отбасыларына амандық тілеймін!

Ұлт ұстанын ұлықтан

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

– Баспасөз жайында әңгіме қозғала қалғанда менің есіме алдымен ата-анам оралатыны бар. Бүгінгідей күні-түні теледидары сайрап тұрмаған, екі үйдің бірінде радио да кездесе бермейтін, ақпарат атаулыны көшеде келе жатып ұялы телефон арқылы алуға болатыны қаперіне де кірмеген жарықтықтар күн аралатып пошташы шал әкелетін газет-журналдарды асыға күтуші еді-ау.


Аса бір қадірлі дүниесі қолына тигендей еппен беттерін парақтап, әрбір сөзін ыждағаттылықпен оқуға кірісетін. Бірінші бетіндегі алғашқы қарпінен бастап, соңғы нүктесіне дейін қарап шыққаннан кейін ғана ол газет біздің құзырымызға берілетін. Әрбір шаңырақ міндетті түрде жазылып алатын осы бір басылымдар біздің үйге шуақ әкелетіндей сезілуші еді.

Үлкендердің газет-журналдарға деген осындай ілтипаты біздің санамызда баспасөзге, тасқа басылған ақпаратқа деген құрметті қалыптастырып кеткені анық. Сол басылымдардан алғаш рет ақындардың өлеңдерін оқып поэзияға, құдіретті сөз өнеріне деген құштарлығымыз ашылғаны да ақиқат.

Мектеп бітіргеннен кейін ақын біткеннің қасиетті мекені болып саналатын Алматыға біз де жол тарттық. Аты аңызға айналған аузы дуалы ағаларымызбен жүздесу, қатар жүру мүмкіндігіне ие болғанымыз да осы шақ. Алматыда шығатын «Жетісу» газеті осы кезден етене жақын болып кеткен. Журналист мамандарын даярлайтын киелі шаңырақтың бірі болумен қатар, бұл газет өлең өлкесіне қадам басқан талай жастың қанатын қомдағаны да ешкімге құпия емес. Ақындықты арманына айналдырған бозбала мен бойжеткендердің алғашқы өлеңдері де осы басылымда жарық көріп, қиялын көкке шарықтатқан сәттері де жадымызда жаңғырады.

Міне, қазақ қаламгерлерінің жарық шоғырын қалыптастырған өзендер өрнектеген қасиетті өлкенің бас басылымы – «Жетісу» газеті де 100 жасқа келді. Айтар тілек көп, әрине. Дегенмен, мен қазақ баспасөзінің қара шаңырағы болып есептелетін осы бір газеттің ұжымына шығармашылық табыс тілеп, ұлт санасын қалыптастыру, тәуелсіз елдің тұғырлы үлкызын тәрбиелеу мұратын жалғастыра беріңдер дегім келеді.

УАҚЫТ-КЕРУЕН



Жылдар мен жолдар

Хадиша ДҮЙСЕКЕНОВА,
аға буын:



Ол кезде «гранка», «свежий глаз» деген терминдер болды. Журналистер қазіргідей компьютерде емес, мақаланы қолжазбамен жазады. Содан кейін барып мәшинеге басады. Оны қайталап оқып, түзетуден өткізеді. Әрмен қарай теру үшін баспаханаға жібереміз. Материалды «гранка» деп сақтайды. Гранканы алып әрбір жолын санаймыз, сол бойынша сызғышпен өлшеп отырып макет сызамыз.

Суреттің қай жерде орналасуы, оның көлемі, биіктігі, ені қанша болу керек, соның барлығын макетке түсіріп, содан кейін барып талдап, басшылар бекітеді. Макетті, гранкамен қосып баспаханаға қайтадан алып барамыз. Сол бойынша терімшілер «Линотип» деген мәшинеде қайнап тұрған қорғасынмен бір-бір жолдан береді. Қорғасын сөйлем болып құйылып шығады. Сол қорғасынды алып барып беттеушілер бетке салады. Сонда бір жолдан қате кетсе, жаңағы жолды алып тастап, қайта береді. Бірнеше рет теруге тура келетін. Сыймай қалса қысу, жетпей қалса созу қиынның қиыны. Осылардың барлығы орындалған соң корректорлар оқиды. Оны қайтадан түзетуге береді. Бір бетке бір корректор отырады. Екі тыңдаушы материалды қолына ұстап отырып тыңдайды, корректор оқиды. Тазаланды-ау, бет бітті-ау дегенде кезекші журналист бастан аяқ-қарайды. Кезекшіден кейін «свежий глаз» барлық бетті түгел шолып шығады. «Свежий глаздан» соң бас редактордың өзі әбден оқып, қол қойып береді. Соңынан барып баспаға жібереді.

Талдықорған қаласы облыс орталығы болған кезде көп материал Алматы қаласынан келіп түсетін. Пленум, съезд, сессиялардан материалдарды сағат түнгі он, он екіге дейін күтіп жүреміз. Жұмысқа түнеп, таңғы сағат тоғызда газет дайын болатын еді.

Газет шығаратын «линотип», «фотонабор» секілді тәсілдердің ұмытылғанына біраз уақыт болды. Техниканың дамуына байланысты әлемді, соның ішінде баспасөз саласын компьютермен басқаратын заман туды. Тоқырау құрсауға алған тоқсаныншы жылдардың өзінде «Жетісудың» бір саны шықпай қалған күн болған жоқ. Алғашқылардың бірі болып республикалық басылымдардан қалыспай мақалаларды өз компьютерімізде теріп, беттеуге көштік.



Гауһар ДҮЙСЕНБАЕВА,
орта буын:

Компьютер деген атын естігеніміз болмаса, қолымызға ұстап көрмеген зат. Қазіргі орта буын біздер сол кездердің жастарымыз. Жаңалыққа қызығушылық танытып, технологияны игеруге белсене кірістік.

... Өз компьютерімізде беттеген алғашқы нөмірге таңғы сағат төртте қол қойдық. Шаршағанымызды елемейміз. Мәзбіз! Қолымызбен беттеген нөмірді жарыққа шығарғанымызға қуанып жүрміз. Газеттің әдемі шыққандығын, дизайнының ұтымдылығын айтып, шаттанамыз. Ол кезде «Word», «Adobe PageMaker», «Adobe Photoshop» , «CorelDRAW» программасымен жұмыс жасадық.

Алғашында, компьютерге көшкеніміздің өз қызықтары мен қиыншылықтары болды. Қиыншылығы сол, беттеп, қатесін түзеп, енді қол қоюға апарар кезде компьютердің бір тетігін байқаусызда басып қалып, түгел өшіріп алған кезімізді де кездестік. Қол жаттығып, машықтанғанша түннің бір уағына дейін жүруге тура келеді. Одан дискетке жазып, түн ауа «Дәуір» баспасына алып барсаң файл ашылмай қалып, кейін қайтатынбыз.

Файл демекші, алғашында файл қоюды да білмейміз. Талдықорған облысының тарауына байланысты «Октябрь туы» газеті жабылып, «Жетісуға» қосылған кез еді. Облыс аумағы кеңейіп, алыс мәңге орналасқан елді мекендерден материалды интернет арқылы Талдықорғандағы редакция қосынынан алатынбыз. Барша апайға программист жігіт байқамай «Браша» деп файл ашып беріпті. Енді мақалаларды осы файлдың ішіне тере бересіз деген ғой.

Естіген құлақта жазық жоқ, Барша апай барлық мақаланы сол файлға сала береді, сала береді. Яғни, бізге жіберетін барлық мақаланы бірінен соң бірін тізеді. Жаңадан бет, файл ашу білмейді. Бүгін бес бет материал жіберсе, ертеңінде соның төменгі жағына тағы бес бет жібереді. Оның ертесіне тағы бес бет... Сонымен не керек, келіп жатқан материалдың беті жүзден асып кетті. Бұл жақтан екі жол қазанама немесе бес жол хабарландыру келсе де бұрынғы жүз бөленбай беттің астына теріп жібереді. Біз бес жол материалды алу үшін жүз бөленбай бетті қайта ашып, соңына жете алмай отырамыз. Сол кездегі жауапты хатшы Жанкүміс апай «Әкем-ау, мыналар файлды сатып алушы ма еді, әр материалға бөлек файл ашса болмай ма?!» деп күлетін. Сол Барша апай кейіннен «компьютердің құлағында ойнайтын» нағыз шебер атанып, көптеген жасты тәрбиеледі. Қазір құрметті демалыста, сол күндердің зейнетін көруде.

Одан бір күні «вирус» деген пәле шықты. Ортамыздағы білмейтіні жоқ Ришад: «Вирус – ол инфекциямен келеді. Бұдан былай көшеде шаң болған аяққиімдерімен кабинетке кіруші болмаңдар! Ауыздарыңа маска, бастарыңа қалпақ киіп келіңдер. Халатпен отырамыз!» – деді. Есіміз шыққаны сондай, «вирус» әкеледі деп бөтен адамды кабинетке кіргізбейміз. Корректорлардан бетті есіктің саңылауынан ғана аламыз. Кабинетке күн түсірмеу керек, мониторды қаламсаппен шұқымау керек деген Ришадтың талабын бұлжытпай орындаймыз.

Бірақ, «вирус» күннен-күнге көбейіп, өршіп барады. Компьютерлер шетінен бұзылып жатыр. Біз арамызда кім вирус тасымалдаушы екенін білмей далмыз...

Көп күттірген программист те келді-ау Алматыдан. Тізіліп әппақ халатпен қарсы алдық. Ришад солай киіну керек деген соң бірдей халат киіп алғанбыз. Программист біздің түрімізді көріп, ішексілесі қатып күлді де техниканы бірнеше рет өшіріп, қосып отырып антивирус қойып кетті. Сөйтсек, «вирустың» кіруіне біздің мүлде қатысымыз жоқ екен. Ол да техниканың бір программасы көрінеді. Қайдан білейік!

Бүгінде сол күндердегі қызықты сәттерді есімізге алып, қыран-топан күлкіге батамыз. Журналистиканың сан түрлі қиындығын, газет шығарудың әр замандағы машақатын бастан өткізген бізге компьютер деген не тәйірі, үйреніп алдық. Қазір ұршықша үйіреміз. Барлық программамен жұмыс істейміз. Ол да бір қызық дәурен екен! Өткен күнде белгі бар...

Технология секунд санап дамылсыз дамып жатқаны баршамызға аян. Қай салада болмасын қол күші азайып, оның орнына бар жұмысты өздігінен жүзеге асыратын құралдар басуда. Газет шығару ісінде де өзгерістер баршылық.



Мәулен ӘНЕРБАЙ,
жас буын:

Қазір мақаланы қолына қалам алып жазатын журналист жоқтың қасы. Әркімнің жұмыс үстелінде ғаламторға қосылған компьютер орналасқан. «Жетісу» газеті де заман талабына сай жабдықталған. Қызмет ететін тілшілер де құралдарды мүмкіндігінше оңтайлы пайдалануда. Алдымен жазған мақаласын ортақ серверге сақтайды. Ал қағазға шығарылған нұсқасын корректор, бөлім, редакция меңгерушісі, бас редактордың орынбасарлары немесе бас редактордың өзі оқып, кеткен қателіктерді түзеп, газетке таза шыққанын қадағалайды. Ал түзетілген тұстары жаңағы ортақ серверге енгізіледі. Оны беттеушілерде оңай алып, өң береді. Міне, мақаланың газет бетіне шыққанға дейінгі үрдісі осылайша жеңілдетілген.

Оқырман сұранысына сай қызмет көрсету де назардан тысқары қалмайды. Қазір көпшілігі, әсіресе, жастар газетті қарай бермейді. Қалта телефонынан ғана бар жаңалықты көріп, біліп жатады. Сондықтан да газеттің сайты, әртүрлі әлеуметтік желідегі парақшалары оқырманын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуде. Басылым тек облыс аумағына тарайтын болғандықтан, өзге өңір, тіпті, шетелдегі азаматтар сайт арқылы өзіне қажет мақаланы оқи алады. Қазір ақпарат таратуда бәсекелестік артқан. Жаңалықтың ескіріп қалуы да тез. Газет аптасына үш рет шыққан күннің өзінде, болған оқиға кешеуілдеп қалады. Сол себепті, халыққа тез арада қажетті ақпар алдымен ықшамдалып сайтқа, кейін кеңейтіліп, зерттеліп, зерделеніп газет бетіне жарияланады.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Жетісу
1918–2018
№71 (18491), 30 маусым, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

100 ЖЫЛ

ДАРИЯ БАСЫЛЫМ –



(Соңы. Басы 1-бетте).

“Журналистика дегеніміз – азаматтық қоғамның қолындағы ақ семсер, ол кесіп те кетеді, тесіп те өтеді. Арынын басып та алар ақ самал сөзге жетелі. Қазаққа ақ самал ескені, жақсылықты өпкені керек. Өйткені жақсылықты бұқтырсаңыз – жанынан жамандық қаулап шығады.

(Облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре ӘРІННІҢ «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің 100 жылдығына арналған салтанатта сөйлеген сөзінен).”

Облыс басшысы ары қарайғы сөзін ғасыр аунатқан басылымдардың шежірелі тарихымен сабақтастырды. Жүз жылда жеті мәрте атауын ауыстырса да, халыққа айтар үні, атқарар қызметі өзгермеген «Жетісу» газетінің жүріп өткен жолына тоқталды. Есімі алтын әріппен жазылатын алғашқы редакторы Сабыржан Шәкіржанның, тілшілік қызмет атқарып, сан тақырыпты қаузаған мақалаларын тұрақты жариялап отырған Ілияс Жансүгіровтің, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Мағжан Жұмабаевтың жанкешті жұмыстарын ұмыту мүмкін емес. Әкім Алаш қайраткерлері салып кеткен сүрлеуді ары қарай жалғастырған Әбділдә Тәжібаевты, Сәбит Мұқановты, Пернебек Бейсеновті, Мамадияр Жақыпты, Баймолда Мусинді және Жақыпжан Нұрғожаевты тілге тиек етіп, қазіргі таңда басылымды біліктілікпен басқарып келе жатқан бас редактор Әміре Әрінді атап өтті. Сонымен бірге, «Огни Алатау» газетін басқарған Рудольф Маречектен Валерий Оверкоға дейінгі редакторлар тізбегін әңгіме өзегіне айналдырып, бүгінгі таңда қаламгерлік қуат-қарымымен танылып жүрген бірнеше журналистің есімдерін мақтанышпен жеткізді. Атап айтқанда, ұзақ жылдан бері журналистика саласында айрықша қолтаңбасын қалдырған Виталий Пекельниктің ұшан-теңіз еңбегіне алғыс айтуға тиіспіз.

Жас та болса поэзиялық жинағы жарық көріп, республикалық, облыстық байқауларда бірнеше мәрте жүлдегер атанған Асыл Сұлтанғазының да аяқ алысы көңіл қуантарлық. Амандық Ғаббасұлы жоғары журналистік мәдениет пен этика қалыптастырған қос басылымның қуанышы мыңдаған оқырманның да ортақ мерекесі екенін жеткізді. «Өңіріміздің зиялы қауымын және жас журналистерді осынау атаулы күнмен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздікті нығайту жолындағы еңбектеріңіз жемісті, қаламдарыңыз қарымды болсын», – деді аймақ басшысы.

Жетісу жұртшылығына аптасына үш мәрте рухани сусындатар мазмұнды мақалалар ұсынатын газет қызметкерлерін ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігі де елеусіз қалдырған жоқ. «Жетісу» газетінен бас редактордың орынбасары Жұматай Әміреев, жауапты хатшы Гаухар Дүйсенбаева, аға тілші Қуат Қайранбаев «Ақпарат саласының үздігі» медалімен марапатталды. «Өлке тынысы» ЖШС директоры Мейрам Жанәділов, «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісін кеуделеріне тақты. Ал облыс әкімінің Құрмет грамотасын газетіміздің бөлім меңгерушісі Алма Есенбаева, аға беттеуші-дизайнер Роза Жексембекова, аға фототілші Жұмабай Мұсабеков алды. Газетіміздің бөлім меңгерушісі Айгүл Байбосынова, Талғар ауданындағы меншікті тілшіміз Үлбосын Исабекова облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді. Мұндай марапаттарға «Огни Алатау» басылымының бірқатар қызметкері де ие болды.

Публицистика шеберлерінің басқосуына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қуаныш Сұлтановтың, Омархан Өксікбаевтың және Марат Бопазовтың, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хаттары жолданды. Бұдан бөлек, біздің басылым бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым, «Огни Алатау» газеті бас редакторының орынбасарлары Виталий Пекельник пен Забира Сайдилдина «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісін тақты. Шара «Өлке тынысы» ЖШС директорының орынбасары Болат Абағанға, «Огни Алатау» газеті бас редакторы Атсалим Идиговке, Тұрсын Әбдуәли, Жақыпжан Нұрғожаев, Әли Ысқабай, Жанкүміс Жәмеңке бастаған ардагер-журналистерге «Қазақ журналистикасының қайраткері» медалін табыстау салтанатымен жалғасты. Бұларды Қоғамдық атақтар және марапаттар жөніндегі республикалық кеңес төрағасы Марат Тоқашбаев табыстап, жүзжылдық басылым қызметкерлеріне жүрекжарды лебізін білдірді.

Тілшілердің мерейін тасытар мезет те келіп жетті. Мерекелік көңілкүйдегі көпшіліктен дәстүрге сай сүйінші сұралған сәтте кейбір қатысушылар қуаныштан балбұл жанып, орындарын тұрып кеткендерін сезбей қалды. Облыс әкімі жүзжылдық мерейтойға орай «Жетісу» газетінің журналистері Асыл Сұлтанғазы мен Аслан Қажекеге екі, Мәулен Әнербайға бір бөлмелі пәтер кілттерін салтанатты түрде тапсырды. Сондай-ақ, «Огни Алатау» газетінің тілшілері Жәмилә Атибаева мен Татьяна Демидова да екі, ал Андрей Ярополов бір бөлмелі пәтер кілттерін қолдарына алды. Баспана бақыты бұйырған журналистер – Асыл Сұлтанғазы мен Татьяна Демидова ел алдында ақтарыла сөз сөйлеп, қалам ұстаған қауымға шексіз құрмет көрсеткен облыс басшысына алғыс жаудырды. Тіпті, Асыл қуанышты сәтін өлеңмен өріп жіберіп:

Толқып тұр көк теңіздей көңіл бүгін,
Жаңадан бүр атқандай өмір гүлім.
«Жетісу», жүз жасаған абызым-ай,
Иығыма арттың-ау сенім жүгін.
Енді бүгін кеудеме гүл біткендей,
Ерназар боп елу жыл ұл күткендей.
Қуаныштан толқыдым үйлі болып,
Өтем мәңгі абызды
жыр қып сендей.

Уа, тектінің өзіндей іс тындырған,
Бейбіт елдің басына құс қондырған.
Арда әкім Амандық Ғаббасұлы,
Сізге алғыс жолдаймын
үшбу жырдан, – деді.

Қалың елден сүйінші сұратқан қуанышты сәттен кейін Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев сөз алып, ғасыр жасаған екі газетке отандық баспасөзге қосқан үлкен үлесі үшін арнайы дипломын табыс етті. «Жетісумен» бірге көптеген марапат алған «Огни Алатау» газеті ұжымының атынан бас редакторы Атсалим Идигов те сөз сөйлеп, ізгі тілегін жеткізді. Ал аты аңызға айналған ардагер журналист, «Жетісу» газетінің сонау сындарлы Желтоқсанда бас редакторы болған Мамадияр Жақып:

– Өзге өңірлердің газеті осы ғасыр толған екі басылымға қарап бой түзейді. Кеңес кезінде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында астаналық облыстың, саяси орталықтың жанынан шығып тұрған абыз басылымды ешкім өңірлік деп айтуға қимайтын. Шынында да, «Жетісу» мен «Огни Алатау» облыстық газет емес, бұлар қазақ баспасөзінің қара шаңырақтары дер едім. Мен екі-ақ газетте қызмет еттім. Бірі – «Егемен Қазақстан», бірі – «Жетісу». Оның ішінде елу жылдық еңбек жолым еліміздің бас газетінде өтті. Желтоқсанның сол бір саяси күрделі кезеңінде жазықсыз жастарға шамамыз келгенше қолдау білдірейік деген мақсатпен сот алдында қасқайып тұрған қазақ жігіттерінің суретін басып жібердік. Сол үшін Колбиннің қаһарына ұшырап, партиядан шығарылдық. Ол уақытта бұл ісіміздің өтеуі жаза болғанмен, кейін тәуелсіздікке қосқан үлеске айналды. Бұл – «Жетісу» газетінің тағдыры. Мұндай ерлікке бірде-бір ақпарат құралы барған жоқ, – деп тебірене сөз сөйлеп, мерейтой иелеріне шығармашылық табыс тіледі.

Көркем тілмен кестелесек, «Жетісудай» ақиқат туын желбіреткен ақ кеменің капитаны, бас редакторымыз Әміре Әріннің жастарға деген қамқорлығы ерекше. Журналистика әлеміне енді ғана аяқ басқан жас мамандарды үнемі қанаттандырып, шығармашылығын шыңдау үшін рухани еркіндік беріп отырады. Мұндай атмосфера ұжымның байырдан бері қалыптасқан бірлігін одан әрі нығайтып қана қоймай, сапалы да мазмұнды мақалалардың жазылуына кеңінен жол ашады. Әміре Әрін ұжымындағы әрбір қызметкердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына көңіл бөледі. Әсіресе, жастар ел рухын оятатын, мемлекетшілдікке үндейтін туындыларды алаңсыз жазуы үшін баспанамен қамтылуы тиіс. Бас редактордың бұл ұстанымы ескерусіз қалған жоқ. Мерейтойға дейін бес журналист пәтер алса, ғасырлық тойдың үстінде қос газеттің тағы алты тілшісіне баспана бақыты бұйырды.

– Армысыздар, ағайын! Бүгін шын мәнінде аспаннан шұға жауған күн болды. Қаншама марапат, қаншама пәтер алып жатырмыз. Бұл ең алдымен Алланың біздің пешенемізге жазған нәсібі деп ұғамыз. Одан кейін алтын аймақтың басшысы, шығармашылықты, сөздің киесін түйсінген Амандық Ғаббасұлының арқасы. «Тәуелсіздік алу – бір бақыт, ал тәуелсіздікті сақтап қалу – мың бақыт», – деген Елбасының қанатты сөзі бар. Шынында да, оны сақтаудан артық бақыт жоқ, – деп тарқатқан Әміре Әрін көне түркі бабаларымыздың бірлікке ұйыстырған ұранын басшылыққа алып, Мәңгілік Ел идеясын қайталай жаңғыртқанымызды тілге тиек етті.

Бүгінде Мәңгілік Ел идеясы идея қалпында қалған жоқ, ол мемлекетімізді алға сүйрейтін ұлттық идеологияға айналды. Сөйтіп, үш ұйықтаса түсімізге кірмеген, бүкіл адамзатты бейбітшілікке шақыратын ұлы бастамаларды осы қазақ елінен өрістеттік. Оның ішінде, Астанамызды Арқа сауырына қондырғанымызды айтсақ та жеткілікті. «Бүгін 100 жыл толған қос газеттің мерейтойын тойлап отырсақ, бұл да тәуелсіздікті баянды етудің бір парасы, ағайын. Өйткені, ғасырлық асу-белесімізде еліміздің тәуелсіздікке жету жолындағы ащысы мен тұщысы, азаттық алғаннан бергі арайлы сәттеріміздің шежіресі тұнып тұр, – деді Әміре Әрін тілшілер салтанатындағы тебіреністі сөзін ары қарай жалғап. – Журналистика дегеніміз – азаматтық қоғамның қолындағы ақ семсер, ол кесіп те кетеді, тесіп те өтеді. Арынын басып та алар ақ самал сөзге жетелі. Қазаққа ақ самал ескені, жақсылықты өпкені керек. Өйткені жақсылықты бұқтырсаңыз, жанынан жамандық қаулап шығады. Сол себепті, арұятымызды ұлықтап, осынау арналы істі қал-қадірімізше жалғастырып келе жатқанымызды мен бас редактор ретінде бақыт әрі мақтаныш санаймын».

Ақпарат қызметкерлерінің абыройын тасытқан думанды тойға ҚР Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Рамазан Стамғазиев арнайы келіп, Біржан сал бастаған даңқты өнер иелерінің әндерін шырқап, көк аспанды асқақ дауыспен көмкерді. Ізашардан кейін Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары ән шырқап, би билеп, кеш көрігін қыздырды. Бұдан кейінгі қос газеттің мерейтойы «Koktem Grand» қонақүйіндегі ақ дастарқанда жалғасты. Қазақстан Жазушылар одағы өкілдері, елге танымал ақын-журналистер, ақпарат саласында тер төгіп, бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагерлер ақтарыла тілек айтып, ғасырмен құрдас басылымдарға сый-сияпаттарын ұсынды.

АСПАННАН ШҰҒА ЖАУҒАН КҮН

Абырой биігі

АҚЖАРМА

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары:

– Жер жаннаты Жетісудың рухани азығына, тыныс-тіршілігінің айнасына айналған «Жетісу» газетінің ұжымы мен барша оқырмандарды 100 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихы алтын әріптермен жазылып, тамырын тереңге жайған газеттің ғасырлық тойы құтты да ұзағынан болсын.

Редакцияның шығармашылық мектебінен талай тарланбоз қаламгер шыңдалып шықты. Бүгінде өңір халқының «көзі, құлағы һәм тілі» болып отырған газеттің беделі де жыл сайын артуда. Шежірелі 100 жыл ішіндегі газеттің жүгі ауқымды. Өңірдегі әрбір игі істі халыққа жеткізуге, жаңалыққа жақындастыруға, еңбекке ұйымдастыруға белсене араласып, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді.

Басылымның сапалы да сауатты шығып, оқырман жүрегінен жол табуы, әрине, ондағы қаламгерлердің істәжірибесі мен шеберлігіне, біліктілігі мен білімділігіне тікелей байланысты.

Елбасының барлық бастамасын халыққа жеткізіп, оларды сәтті жүзеге асыруға, елдің береке-бірлігін нығайтып, іргесінің беки түсуіне де сіздердің сіңірген еңбектеріңіз зор. Алдағы уақытта да осы бағыттарыңыздан таймай, ұлтқа қызмет етуде үлкен жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін.

Қанша жылдық қажырлы еңбектеріңіз үшін сіздерге алғысымды білдере отырып, ғасырға толған мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Редакция ұжымына мықты денсаулық және шығармашылық табыс тілеймін. Халықты қуанышқа бөлейтін жақсы жаңалықтарыңыз көп болсын!

Шабыт оты сөнбесін

Сарбас АҚТАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері:

– Газет замана жылнамасы десек, оған өмірмен терезесі тең болып өспек борыш. Алғашқы адымынан-ақ жақсылық атаулының жыршысы, жамандық біткеннің сыншысы бола білген бүгінгі «Жетісу» да өсу, өрлеу жолынан өткен газет. Оның сарғыш тартып, сартап болған беттерін ашып, аудара қарасақ, сонау сұрапыл азамат соғысының от-жалын кешіп, солқылдата соғылған бесжылдықтар балғасының үнін естіп тұрғандай боласың. Құс ұшпас құба жонда түндік көтерген зауыттар, еркін еңбек майданында еңсесі асқақтаған ауылдар көз алдыңа келеді. Иә, ғасыр жасаған газеттің халқына сіңірген қастерлі қызметі көп. Жеңісінің жаршысы ғана емес, кемісінің қамшысы да бола білді ол елге.

Бүгінгі газеттің ғасырлық мерейтойы мәңгі есте қалатындай үлкен форматта өткізілді. Халықпен бірге тойланды. Бұл газет ұжымының ғана емес, бүтін ұлттың қуанышы, мерекесі. Медальді, түрлі марапатты, атақдәңкты күнде алуға болар. Ал журналистің алаңсыз шығармашылықпен айналысуына мол мүмкіндік беретін пәтерге күнде қол жеткізе алмасымыз анық. Сондықтан, ғасырлық той облыс басшысының тілшілерге баспана сыйлауымен есте қалатыны сөзсіз. Бұл газетке қарапайым диқан мен аты әйгілі қаламгерлер, қой соңындағы шопан мен мемлекет қайраткерлері, ұлт үшін жанын қиған күрескерлер мен механизаторлар үздіксіз басылып отырды. Бүгінгі жас тілшілерге Алаш арыстары жағып кеткен шамшырақты өшірмей, шығармашылықтың отын маздата беруін тілеймін.

Жүрекке жол тартқан

АҚЖАРМА

Аңсар МҰСАХАНОВ,
Нұрлан ҚЫЛЫШБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаттары:

– Уақыт талбына сай үздіксіз дамып келе жатқан отандық баспасөз саласында елеулі орны бар «Жетісу» газетінің 100 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Өткен ғасырдың басында дүниеге келіп, содан бергі бір ғасыр бойы халыққа кеңінен тарап келе жатқан баспасөз еліміздің тасқа басылған құнды шежіресі деп айтуға болатын ірі басылымдардың бірі.

Бір ғасырлық тәжірибесі бар газет мемлекет пен Жетісу өңірінің тыныс-тіршілігін, елдік мүдделерді ұлықтауды, сол арқылы қалың оқырманның жүрегіне жол табуды мақсат етеді.

Атаулы мерейтойда редакция ұжымына зор шығармашылық табыс, баспасөз саласында әрдайым жеңістер және сенсациялық жаңалықтарды тілейміз!

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 136 (18556)

Сенбі, 8 желтоқсан, 2018 жыл.

ПАРАСЫЗ ҚОҒАМ

ҮНДЕУ

Елбасының Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – кәсіби мемлекеттік аппаратты құру, мемлекеттік қызметтің кәсібилігін арттыру және мемлекеттік қызметшілерді халыққа белсенді қызмет етуге шақыру.

Мемлекеттік қызметтегі әр адам өз жұмысының маңызын толық сезінуі тиіс, өз елінің патриоты болуы керек және мемлекеттік қызметтің имиджін көтеру үшін барлық шараларды қолдануы керек.

Мемлекеттік қызметшінің оң беделіне қойылатын негізгі ережелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде белгіленген.

Сонымен, мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан айрықша сенім білдіру саналады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік, моральдық-этикалық бейнесіне ерекше талаптар қояды.

Жалпы айтқанда, елдің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын дамытатын – мемлекеттік қызметші. Сондықтан, еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығын нығайтып, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жолында барлық күш-қайратымызды жұмсап, абыроймен қызмет ету – мәртебелі де мерейлі міндет.

Парасыз қоғам – ұлт болашағы болса, сол қоғамның барлық күш-жігерін біріктіре отырып, сыбайластықты одан әрі ушықтырмай, оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұра аламыз.

Сондықтан, біз, Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі уәкілдер, барлық мемлекеттік қызметшілерді заңсыз материалдық сыйақы беруден немесе қабылдаудан бас тартуға шақырамыз! Келіңіз, парасыз болашаққа бірге қадам басайық!

Алматы облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Т. ӨМІРӘЛИЕВ және Алматы облысы мемлекеттік органдарының Әдеп жөніндегі уәкілдері (барлығы 42 уәкіл)

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Ұлт ұяты 4-5 беттер

«Сұңқар» – чемпион! 7-бет

ЖЫЛ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

«Samǵay» сыйлығы самғатты

Жарық кеудесіндегі жұдырықтай жүрегіне жұмыр жердегі түрлі жаңалықтарды толтырып, қасиетті мамандығының жолында маңдай терін сорғалатып жүрген жетісулық журналистер маңғаз басып жаңа театр ғимаратына енді. Б. Римова атындағы саф өнердің сарайында сәлден кейін облыс әкімінің жүлдесі үшін дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан журналистердің «Самғау» байқауының жеңімпаздары марапатталмақ. Сәл кідіріп, ақпарат айдынында құлаш сермеп келе жатқан журналистерге бажайлап қарасаң, жүздерінде нұр ойнағанын аңдайсың. Жылына бір рет өтетін өңірлік дүбірлі додада топ жарып, өңір басшысының қолынан сыйлық алып жатса көңілі дарқан әріптестеріміз қалайша толқымасын деп түйдік...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ, "Жетісу"

Көп өтпей толқыған теңіздің асау толқынындай күй кешкен журналистерді марапаттаудың да сәті жетті. Алқалы жиынның шымылдығы хакім Абайдың «Көзімнің қарасы» әнімен ашылғаннан кейін алғашқы сөзді облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ алды.

– Құрметті журналистер! Баршаңызды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Егеменді еліміздің жарқын жетістіктері мен толайым табыстары елім деген әрбір азаматтың көңіліне қуаныш сыйлайды. Ал сол жетістіктерге жетісулықтардың да қосқан үлесі зор. Біз мәдениет пен әдебиет, әлеуметтік-экономика сынды сан сала бойынша толымды көрсеткіш көрсетіп келеміз. Талдықорған шаһары көрсе көз тоймайтын сұлулыққа ие болды. Құрылыс саласы жанданып, не түрлі зәулім де әсем ғимараттар сап түзеді. Бұл сіздер мен біздің ортақ жеңісіміз, – дей келе ақпарат айдынында жемісті желкен көтеріп келе жатқан журналист қауымын бүгінгі игі бас қосуға келгеніне алғысын білдірді. Сонымен қатар, жылдың жайдарлы жаңалықтарын атап өтіп, облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің 100 жылдық мерейтойы ел көлемінде жоғары деңгейде аталып өткендігін, өңіріміздегі 6 журналист «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін омырауына тақса, қос басылымның 6 журналисі баспаналы болып, «Жетісу» газеті «Үркер» сыйлығын «Үздік өңірлік басылым» номинациясы бойынша, «Жетісу» телеарнасы «Тұмар» сыйлығын «Үздік өңірлік телеарна» аталымы бойынша қанжығалағанын да атаусыз қалдырмады. Сөз орайы келгенде өңіріміздегі әдебиет саласында жүрген қаламгерлердің де жарқын жеңістерін жетісулықтардың ортақ қуанышы екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, облыстағы өркенді істер тілге тиек етілген ақжарма ниеттен кейін, өңір басшысы марапаттау рәсімін өткерді.

Өлке журналистері үшін жылдың басты сыйлығы саналар «Самғау» байқауы 11 аталым бойынша өтті. Аталған байқауға Жетісудағы журналистерден 143 өтінімі қабылданған. Дегенмен, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар саналғандар санатында бұқаралық ақпарат құралдары саласының 33 қызметкері бой көрсетті. Атап айтсақ, «Баспа басылымының ең үздік дизайны, инфографика» аталымы бойынша қалалық «Талдықорған» газетінің дизайнері Зарина Чечетова жеңімпаз деп танылды. Ал, «Үздік бейне клип өңдеуші (монтаж)» аталымы бойынша «Жетісу» телеарнасының режиссері Данияр Мұстафаев 1-орын иегері атанса, «Үздік облыстық Vlog немесе үздік блогер» номинациясының жеңімпазы деп «Atameken Business Channel» сайтына шыққан «Қаусаған қабырға, шайқалған шаңырақ» мақаласы үшін «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас танылды. «Үздік желілік басылым» аталымы бойынша TINFO сайтының жетекшісі Талғат Абылаев, «Үздік тілші» аталымы бойынша Ескелді аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Алима Нүсіпова, «Үздік фотосуретші» аталымы бойынша «Рухани жаңғыру» фотогалереясы үшін Жеңіс Ысқабай жеңімпаз деп танылды. Сонымен қатар, «Үздік оператор» атылымының жеңімпазы деп «Хабар 24» телеарнасының операторы Олжас Байбосынов танылды. Ал «Үздік журналист» аталымы бойынша қалалық «Талдықорған» газетінде жарияланған «Үнсіздік әлемі» мақаласы үшін Айгүл Оқбаева 1-орын иегері атанды. Сондайақ, «Үздік тележурналист» номинациясы бойынша «Хабар» агенттігінің тілшісі Гүлнұр Жантасова, «Үздік республикалық (халықаралық) тілші» аталымы бойынша республикалық «Литер» газетіне шыққан «Текели: вчера, сегодня и всегда» мақаласы үшін Серік Малеев жеңіп алса, «Облыстық журналистика саласына қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша журналистика саласында 60 жыл еңбек еткені үшін Әли Ысқабай марапатталды.

Айта кетерлігі, жыл басын ғасыр тойын тойлаудан бастаған «Жетісу» газеті де жылды жақсы нәтижемен қорытындылады. Олай дейтініміз ата басылымның бірқатар қызметкері «Самғау» байқауының жүлдегері қатарынан бой көрсетті. Мәселен, «Үздік желілік басылым» аталымы бойынша «Жетісу» газеті сайтының редакторы Қуаныш Тұңғатар 3-орын иегері атанса, «Үздік фотосуретші» аталымы бойынша газетіміздің аға фототілшісі Жұмабай Мұсабек жүлделі 2-орын иегері деп танылды. Оған қоса, «Үздік журналист» аталымында газетіміздің қос қызметкері Меруерт Молдағалиева 3-орын, «Миллиондарды мойындатқан Мұқали» мақаласы үшін Қуаныш Тұңғатар 2-орын иегері деп танылды. Ал, «Үздік облыстық Vlog немесе үздік блогер» номинациясында журналист Мәулен Әнербай жүлделі 2-орын иегері атанса, «Баспа басылымның үздік дизайны, инфографика» номинациясының 2-орынын газетіміздің беттеуші-дизайнері Мөлдір Мұраталинова жеңіп алды.

Шырайлы кештің соңында Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, Алматы облысының Құрметті азаматы, ақын-жазушы Әли Ысқабай сөз алып, облысымызды биік белестерге бастап келе жатқан өңір басшысы Амандық Баталовқа деген алғысын білдірді. Сонымен қатар халық пен билік арасына алтын көпір болған журналистердің қасиетті де қастерлі борышының жүгі ауыр, өтемі күшті екенін тілге тиек етіп, Жетісу топырағындағы журналистерге асқардай тұғыр, алмастай намыс, шығармашылықтарына жеміс тіледі.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

АТҚАРЫЛАР ІС АУҚЫМДЫ

Жетісу жерінде биыл толайым табыстарға жетелеген ауқымды жұмыстар сәтімен аяқталды. Нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жоспарға сәйкес толымды болды. Бұл ақпар облыстық әкімдікте өткен аудан әкімдерінің есепті жиынында мәлім етілді. Биылғы 10 айда атқарылған істер мен әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері, жоспардың орындалуы және келер жылдың міндеттері тұрғысында Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Райымбек және Кеген ауданының әкімдері облыс әкімі Амандық БАТАЛОВҚА есеп берді.

Әуелі Қарасай ауданының әкімі Жандарбек Далабаев есепті баяндамасын жасады. Айтуынша, өзі басшылық ететін аудан экономикалық өсім қарқынын табысты орындаған. Атап айтқанда, ауылшаруашылық өнімдері, өнеркәсіп өндірісі, негізгі капиталға тартылған инвестиция, бөлшек тауар айналымының және құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 100 пайыздық көрсеткіштен асып отыр. Сонымен қатар, жоспардағы 169 987 шаршы метр тұрғын үй іске қосылған. Жылдың аяғына дейін 3,9 гектар жерге «Экокультур Филдс» ЖШС-нің жылыжайы салынып, 30 жұмыс орны ашылмақ. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында 2017-2018 жылдарға «МОЛЛ Апорт» сауда, ойын-сауық орталығының кеңейту-жаңғырту жұмыстарына «Хоум Март» және «Агро Лэнд» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері арқылы 8,7 млрд. теңге инвестиция тартылып, қазіргі уақытта жалпы саны 3 600 жұмыс орны құрылған. Орталық Азиядағы ең ірі сауда орталығының үшінші кезеңінің ашылуы арқылы сауда, ойын-сауық орталығының аумағы 210 мың шаршы метрге өскен. Ауылшаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, құрылыс пен экономика салаларында да, бизнес пен шағын бизнесті қолдау мәселелері бойынша да аймақтың көрсеткіші толымды. Осының бәрін атап өткен аймақ басшысы Жандарбек Далабаев өз кезегінде алдағы жылы атқарылуға тиіс мәселелерді алға тартып, облыс әкімінен бірқатар мәселенің оң шешім табуы үшін қолдау білдіруін сұрады.

Мәселен, 15 мыңнан астам тұрғыны бар Елтай ауылдық округіне қарасты Береке ауылындағы жекеменшікке өтіп кеткен Мәдениет үйін сатып алуға, «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінде 1200 орынды мектеп және 315 орынды балабақша салуға, Қаскелең қаласындағы Белинский және Райымбек ауылдарындағы Әзірбаев, Бекболат ауылындағы Бірінші май, Абай ауылындағы М. Ғабдуллин атындағы орта мектептерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, халық санының өсуіне байланысты және 60 орынға арналған бастауыш оқу орнының тозығы жетуіне орай Бұлақты ауылына 120 орынды бастауыш мектеп ғимаратын салуға ықпал етуін сұрады. Оған қоса Қаскелең қаласының көшелеріне арық жүйесінің тартылуына, Бекболат пен Қайнар ауылының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге, Қырғауылды ауылындағы кәріз жүйесінің қайта жаңғыртылуына, сол секілді аудандағы ақсап тұрған көптеген мәселелердің шешім табуына қаржылай көмек көрсетуін өтінді.

Қарасай ауданы әкімінің атап өткен мәселелеріне ерекше ден қойған өңір басшысы бұл жайттардың алдағы уақытта оң шешім табуы үшін қаржы бөлінетіндігін ескертіп, орынбасарлары мен басқарма басшыларына қажетті тапсырмалар жүктеді.

Одан кейін Іле ауданының әкімі Бағдат Қарасаев сөз алып, жыл қорытындысын шығарып, алдында тұрған жаңа міндеттерге тоқталып өтті.

Келесі жылы өнеркәсіпте жиырмадан астам жаңа кәсіпорын ашылып, жұмыс істеп тұрған он алты өндіріс кеңейтілмек. Соның есебінен 600 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Ауылшаруашылығының жалпы өнімінің көлемін де көтеру жоспарлануда. Ет, сүт және жұмыртқа өндірісі ұлғаймақ. Шошқадан басқа барлық мал басының өсуі күтілуде.

«7-20-25» бағдарламасы аясында сегіз көппәтерлі тұрғын үй салу жоспарланған.

Бағдат Қарасаев өңір басшысын жаңа үйлер салуға бірнеше ауылды сумен қамтамасыз етуге, кәріздік сорғы стансысын жөндеуге, санитарлық-тазалау жұмыстарына және тағы басқа жұмыстарға қаражат бөлуге қолдау көрсетуді сұрады.

Өз кезегінде Амандық Баталов жауапты тұлғаларға көтерілген мәселелерді қарап, қажетті қаржы бөлуді тапсырды.

Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Бинәлі Ысқақ та ауданның он айдағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші оң динамика көрсеткендігін атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылған жұмыстар мен салалар бойынша оң көрсеткіштерді санамалап шықты. Одан кейін барып алдағы жылы атқарылуға тиіс мәселелерге ойысты. Атап айтар болсақ, газдандандыру жұмысы қарқынды жүргізіліп, бүгінгі таңда Есік қаласына 63 шақырым газ құбыры тартылған. Дегенмен келесі жылы Есік қаласы мен Шелек ауылындағы 101 көпқабатты тұрғын үйді жылыту үшін 46 заманауи қазандықты орналастыруға 346 млн. теңге қаржы қажет. Сонымен қатар, аудандағы 84 орта мектептің 19-ы күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етсе, Есік қаласындағы Т. Молдағалиев атындағы және Көлді ауылындағы Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Шелек аймағында бірде-бір спорт кешені жоқтығына байланысты Кеңес заманында жұмыс істеген ескі ғимаратты қайта жаңғырту қажет екенін де алға тартты. Сонымен қатар 4 ауылдың медициналық бөлімшесі сын көтермейтін жағдайда екенін айтып өтті. Облыс басшысы аталған дүниелерге қолдау болатынын жеткізді.

Жаңадан құрылған Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаров та есепті баяндамасында аймақ жетістіктерін көрсетіп өтті. Аудан бойынша салық түсімдерінің жылдық болжамы 1 млрд. 835 миллион теңге болса, 10 айда 2 млрд. 184 миллион теңгеге орындалып, 119 пайызды құраған. Ауылшаруашылығында 6 жаңа жоба бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар келер жылы 1000 гектар жерге таңқурай егу жоспарда тұр. Осындай жайдарман жаңалықтарды алға тартып, жетістіктерге тоқталған Жолан Ыбырайхынұлы келесі кезекте шешімін табуға тиіс мәселелерді атап шықты.

Мәселен, ауруханаларға 40 жаңа компьютер, дәрігерлік амбулаторияларға 8, аудандық ауруханаға 2 санитарлық автокөлік қажет. Райымбек ауданында тестілеу орталығы жоқтығына байланысты келер жылғы ҰБТ-ны өткізу үшін аудан орталығы Нарынкол ауылындағы Б. Соқпақбаев атындағы орта мектебінен тестілеу орталығын ашу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі болып тұр. Қақпақ ауылындағы Жәменке атындағы орта мектебінің шатырына жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін 261,5 млн. теңге қосымша қаражат керек. Сарыжаз ауылындағы 140 орынды балабақша ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарына 291,3 млн. теңге, Нарынкол ауылынан 83 жеке тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын жүргізуге 1 млрд. 175,7 млн. теңге және осы үйдің инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылысына 894,0 млн. теңге бөлуін сұрады. Оған қоса облыстық маңызы бар Кеген–Нарынкол–Байынкол тасжолын (27 км) күрделі жөндеуден өткізуге 2,5 млрд. теңге, Сарыжаз–Қарасаз тасжолының (24 км) орташа жөндеуіне ЖСҚ жасатуға 80,0 млн. теңге, аудандық маңызы бар Талас, Текес, Сүмбе, Сарыжаз, Қайнар, Ұзақ батыр елді мекендерінің ішіндегі көше жолдарын орташа жөндеуге ЖСҚ жасатуға 48,0 млн. теңге және Тегістік, Шәлкөде, Қақпақ ауылындағы Мәдениет үйлерін күрделі жөндеуден өткізу үшін ЖСҚ жасатуға қажетті қаражаттарды бөлуін сұрады.

Жаңа ауданның жарқын жетістіктерге жетуі үшін қолдан келген көмекті аямайтындығын атап өткен өңір басшысы, аталған мәселелердің де оң шешімін табатындығына сенім білдірді. Сонымен қатар, Амандық Ғаббасұлы Райымбек ауданы бойынша көптеген дүние өріс таппағанын жеткізіп, оған облыс әкімінің орынбасарлары жанашырлық танытпай отырғанын ескертті.

Кеген ауданының әкімі Талғат Байеділов ауданның әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне, жоспарлы жұмыстардың орындалу көрсеткішіне тоқталғаннан кейін алдағы жылы атқарылуға тиіс мәселелерді ортаға салды.

Аудан басшысының айтуынша «ҚарқараӨнімдері» ЖШС-нің негізінде Кеген ауданының картоп өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарын жаңа тұқыммен қамтамасыз ету мақсатында шетелдік картоп тұқымын алуға ықпал жасалуы бүгінгі күннің қажеттілігінің бірі. «Құмтекей», «Ақсай», «Ұзынбұлақ» каналдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Кеген ауданының ветеринариялық стансысына, мал тасымалдауға, дезинфекция жасауға көліктер және 10 тонналық тоңазытқыш керек. Ауданда барлығы 10 мал қорымы бар, қосымша 5 елді мекеннен *(Ақсай, Ақтасты, Жалаулы, Кіші Қарқара, Көкпияз)* құны 4 млн. теңгеден болатын мал қорымдарын салуға барлығы 20 млн. тенге қаражат керек. Оған қоса, алдағы жылы салынатын 15 жалгерлік тұрғын үйдің инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылысын жүргізу үшін 154,4 млн. теңге, Кеген ауылының 4, Жылысай ауылының 9, Тоғызбұлақ ауылының 7 көшесін жөндеуге қаржы қарастырылуын сұраған аудан әкімі одан әрі де біраз мәселелерді алға тартты. Ауылдардағы ауызсу жүйесін қайта жаңғырту, Мәдениет үйлеріне және бірқатар орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, аудан көлемінде 5 мектептен 243 оқушы тасымалданып оқытылатындықтан әрі оқушыларды тасымалдайтын автокөліктердің тозығы жеткендіктен 2 «ПАЗ» автобусы, 3 «ГАЗель» автокөліктерін сатып алуға 70 млн. теңге қаржы бөлуін сұрады.

Өз кезегінде облыс әкімі Амандық Баталов көтерілген әрбір мәселенің шешім табуына тікелей ықпал ететіндігін айтты. Дегенмен, бір ауданның бүкіл қажеттілігін өтеп беру бір жылдың еншісінде еместігін, сол себепті кезек күттірмейтін дүниелерге ғана қолдау көрсетіп, қалғанын алдағы уақытта қайта қарастыратындығын ескертті. Сонымен қатар көтерілген келелі мәселелердің өріс табуы үшін басқарма басшылары мен әкім орынбасарларына жекелей тапсырма жүктеді.

Ардаби ТҮТҚАБЕК

(Жалғасы 2-бетте).

Облыстық мәслихат депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, 2018 жылғы 12 желтоқсанда облыстық мәслихаттың кезекті XXXVIII сессиясы өтеді.

Басталу уақыты: 15.00

Өткізілетін орны Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 38, облыс әкімдігінің ғимараты.

Күн тәртібінде:

1. «Алматы облысының 2019 – 2021 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы»;
2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы;
3. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Алматы облысында ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу туралы ұсыныс енгізу туралы;
4. Алматы облысындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы;
5. Алматы облысының кадр комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы;
6. Алматы облыстық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы.

Облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің назарына!

2018 жылғы 11 желтоқсанда Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің отырысы өтеді.

Күн тәртібінде:

1. Алматы облыстық мәслихатының «Алматы облысының 2019 – 2021 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешімінің жобасын жария талқылау;
2. Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі «Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыруына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» №402 қаулысының күші жойылды деп тану туралы қаулысының жобасын жария талқылау;
3. «Қазақстан Республикасы Үкіметіне Алматы облысында ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту туралы ұсыныс енгізу туралы» Алматы облысы әкімдігі қаулысының жобасын жария талқылау.

Басталу уақыты сағат 12.00. Өткізілетін орны Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, №36 «Б» үй, (Тілдер сарайы).